



Елордада 12-13 қыркүйекте Батыс Қазақстан және Жамбыл облыстары шаруаларының жәрмеңкесі өтеді. «Хан-Шатыр» сауда ойын-сауық орталығының жанындағы алаңда өтетін жәрмеңкеде сатылатын 400 тоннадан аса азық-түлік өнімдері нарықтағы бағадан 15-20 пайыз арзан болады. Жәрмеңкеге келушілер маска тағып, арақашықтық сақтап, міндетті түрде антисептик қолданып, санитарлық-гигиеналық талаптарды ұстануы тиіс.

№108
(4077)
Сенбі
12 қыркүйек
2020 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



aqmeshit-zhastary.kz

ОТАН ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

Ертең біздің елімізде - Отбасы күні мерекесі. Бұл мереке 2013 жылы Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен бекітілген. Содан бері әр жылы қыркүйек айының екінші жексенбісі Отбасы күні мерекесі болып аталып өтіледі.

Ертең елордада көптеген мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылады.

6-БЕТТЕ


■ ҚАЛА МЕН САЛА



**ЦИФРЛАНДЫРУ
БАРЛЫҚ САЛАНЫ
ҚАМТИДЫ**

4-БЕТТЕ

■ РУХАНИЯТ



**ҮМІТКЕРГЕ
ХАТ**

7-БЕТТЕ

■ ҚОҒАМ



**ӨЛШЕМДІ
ӨЗГЕРТЕЙІК**

11-БЕТТЕ

■ **САНСӨЙЛЕМ**

ЕЛОРДАЛЫҚ
ОҚУШЫЛАРҒА
ҚОСЫМША

34772

КОМПЬЮТЕР
БЕРІЛЕДІ

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 503.5 \$ USD/KZT 424.4 ₺ RUB/KZT 5.75 ¥ CNY/KZT 57.5

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

ЕЛОРДАНЫҢ ДАМУЫ – ЕЛБАСЫ НАЗАРЫНДА

Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Астана Бас жоспары» ғылыми-зерттеу жобалық институты жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде болды. Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов Елбасына қаланың әлеуметтік-мәдени нысандарының құрылысы, инфрақұрылымды жаңғырту, абаттандыру және өмір сүруге қолайлы жағдай жасау саласындағы міндеттерді кезең-кезеңімен жүзеге асыру жоспарын ұсынды.



Нұрсұлтан Назарбаев жаңа Қазақстанның нышанына айналған елорданың дамуына әрдайым ерекше мән беретіндігін атап өтті. «Жиырма екі жылдың ішінде елорда әкімшілік, іскерлік, экономикалық, мәдени және саяси орталыққа айналды. Бастапқы бас жоспарларда қала тұрғындарының санын 1 миллион 200 мың адамға жеткізу 2030 жылға қарай көзделген еді. Бұл көрсеткішке 10 жыл бұрын ерте жеттік. 1997 жылмен салыстырғанда қала халқының саны төрт есе өсті» деді Елбасы.

Сондай-ақ Нұрсұлтан Назарбаев елорданың экономикалық дамуын атап өтті. «Жалпы, 22 жылдың ішінде жаңа астананың дамуына мемлекеттен бөлінген әрбір 1 теңге республикалық бюджетке 2,8 теңге болып қайтарылды. Бес жылдан бері бас қала республикалық бюджет доноры аймақтарының қатарында» деді Елбасы.

Сонымен бірге шағын және орта бизнес, құрылыс саласы елорданың даму драйверіне айналғаны атап өтілді. «Қала экономикасының 55 пайызын шағын және орта бизнес құрайды. Жыл сайын 20 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылады, оның 70 пайызы шағын және орта бизнеске тиесілі. Сонымен қатар елорда құрылыс секторының көшбасшысы. 1997 жылдан бері 26 миллион шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілді» деді Тұңғыш Президент. Осы жылдардың ішінде елорда білім беру хабына, мәдени орталыққа және медицина кластері дамыған қалаға, сондай-ақ Қазақстанның барлық өңірлерін біріктіру арқылы маңызды көлік және транзиттік хабқа айналды.

Нұрсұлтан Назарбаев елорданың даму жолында жетістіктермен қатар, азаматтарды толғандыратын мәселелер де бар екенін атап өтті.

Олардың ішінде – үлескерлері бар құрылысы аяқталмаған тұрғын үйлер; үш ауысымдағы және оқушылар саны көп мектептер; жауын су ағатын кәріз жүйесі; қоғамдық қауіпсіздік мәселелері және тағы басқалары. «Елорда әкімдігі мәселелерді үнемі бақылауда ұстап, азаматтардың өтінішіне жедел жауап беруі керек» деді Тұңғыш Президент.

Сонымен қатар Елбасы елорда басшылығының алдында Үкіметпен бірге тұрғындар мен қонақтардың жайлы өмір сүруі үшін қаланың инфрақұрылымын жақсарту бойынша бас жоспар мен даму жоспарын жүзеге асыру міндеті тұрғанын атап өтті. «Жалпы, мен стратегиялық міндеттерді шешуді қамтитын даму жоспарын қабылдаймын. Елорда өмір сүруге және іскерлік белсендікке қолайлы қала ретінде дами беруі керек» деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Нұр-Сұлтан қаласы тұрғындарының назарына!

2020 жылғы 17 қыркүйекте сағат 16.00-де онлайн тәртібімен Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық кеңесінің отырысы өтеді.

Қоғамдық кеңестің қарауына мынадай нормативтік құқықтық актілердің жобалары енгізіледі:

1. Нұр-Сұлтан қаласының білім саласындағы коммуналдық қазыналық кәсіпорындар өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын белгілеу туралы.

2. Астана қаласы әкімдігінің

кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы.

3. Нұр-Сұлтан қаласының аумағындағы Жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау қағидалары бекіту туралы.

4. Әкімдіктің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы.

5. «Астана қаласының аумағын абаттандыру Қағидалары туралы» Астана қаласы мәліхатының 2017 жылғы 20 шілдедегі шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

6. «Нұр-Сұлтан қаласында

тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәліхатының 2019 жылғы 23 тамыздағы шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

7. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы.

Анықтама мына телефондар бойынша: 55-74-05, 87014043282

**С. ЕСІЛОВ,
Нұр-Сұлтан қаласының
Қоғамдық кеңесінің
төрағасы**



ҚАНАТҚАҚТЫ ЖОБА ЖЕМІСІН БЕРДІ

Осы аптада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарына жұмыс сапарымен барды.

Президент мемлекеттік қолдаумен Солтүстік Қазақстан облысына қоныс аударған азаматтармен кездесті. Оларға арнап Қызылжар ауданының Чапаево ауылында баспана салу жөніндегі пилоттық жоба жүзеге асырылған болатын. Президент жаңа тұрғын үйлерді аралап көрді. Қасым-Жомарт Тоқаев келесі жылдан бастап ауыл әкімдері тұңғыш рет сайланатынын, бұл бастама демократияның айқын көрінісі екенін айтты.

«Әкімдер ауылдағы проблемаларды бәрінен жақсы біледі. Сондықтан ауыл тұрғындары өздерінің мәселелерін ең алдымен сіздерге айтады. Көптеген арыз-шағымдарды жергілікті жерде шешуге болады. Әсіресе ауылдық жерлерде ауызсу мәселесін шешу өте өзекті. Сонымен қатар «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасын жүзеге асыру маңызды. Соның нәтижесінде жергілікті жерлердегі инфрақұрылым дамиды, жаңа жұмыс орындары ашылады. Облыста бұл мәселе тиісті деңгейде іске асырылып жатыр» деді Мемлекет басшысы.

Президент мемлекеттік қызмет көрсету жүйесі мен мемлекеттік басқару мәселесіне де тоқталды. «Мен Қазақстан халқына арнаған

Жолдауымда мемлекеттік қызмет жүйесі жабық болмауы керек екенін айттым. Бізге ойы ұшқыр, ақылды жастар керек. Бізде Тұңғыш Президентіміздің саясатының арқасында өте жақсы білім алған жастар көп. Сондықтан біз Мемлекеттік қызметке жастарды шақырамыз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Облыс әкімі Құмар Ақсақалов Президентке өзге өңірлерден көшіп келген дәрігер, мұғалім, механизатор және басқа да мамандық иелеріне гранттар берілетінін, сондай-ақ олар жаңа жалдамалы баспанамен және жұмыспен қамтамасыз етілетінін айтты. Ауылдарда баспана салуға бағытталған облыстағы аталған пилоттық жобаның жүзеге асырылып жатқанына екі жыл болды. Былтыр аталған жоба аясында елді мекендерде 428 үй салынса, былтыр 788 баспана тұрғызылды. Былтыр облысқа 736 отбасы, барлығы 2,2 мың адам көшіп келген. Биыл 700 отбасы немесе 2,4 мың адам қоныс аудармақ. Кездесу аясында ауыл әкімдері мен өңірге жаңадан қоныс аударып келген тұрғындар мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп жатқаны үшін Қазақстан Президентіне алғыс білдірді.

СҮБЕЛІ СӨЗ

Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ,
Сенат депутаты:

“”

Қазір емдеу орындарында 4 мың дәрігер жетіспейді. Әсіресе, реаниматолог, рентгенолог, пульмонолог, тағы басқа да осы сияқты салалық мамандардың тапшылығы қатты білінеді. Тіпті індеттің қауіпсіздігімен тұрған ірі орталықтар мен өңірлердегі ауруханалар мен емханаларда 800-ден астам инфекциялистің орны бос тұр. Алаңдатарлық жайт, қазіргі таңда дәрігер кадрларымен қамтамасыз ету қалалық жерде 56,8 пайыз болса, ауылда бұл көрсеткіш 16,1 пайызды құрайды. Қазақстанда медицина мамандарын даярлайтын алты жоғары оқу орны бар. Ондағы салалық мамандар даярлайтын медициналық-профилактикалық факультеттер жабылып қалған.

(10.09.2020. Үкімет басшысының атына жолдаған депутаттық сауалында айтқаны)

АСТАНАДАН АУЫЛҒА ДЕЙІН...

НҰР-СҰЛТАН

Елорда жылыжайларында өнімділікті арттыру мақсатында агротехникалық зерттеулер жүргізілуде. С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехника университетінің ғалымдары Led system media компаниясының өндіріс алаңында көкөніс пен жемістерді күн сәулесіз өсіру технологиясын жасауда. Өсімдіктер күн сәулесін нанофосформен толтырылған арнайы жарықдиодты шамдармен алмастырады.

ШҚО

Абайдың 175 жылдығына орай елорданың ақынның туған жеріне бағытталған Нұр-Сұлтан-Жидебай велошеруі мәресіне жетті. Жалпы екі арадағы ұзақтығы 1088 км-ді құраған велошеру қатысушыларын Абайдың елі сән-салтанатпен қарсы алды. Қатысушылар Шәкәрім мен Абайдың мемориалдық кешеніне тағзым етіп, құран оқытты. Ал Семей қаласында ақынның және Ә.Бөкейханның ескерткіштеріне барып, гүл шоқтарын қойды.

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

Мұнайлы астанада жаңа тынығу алаңдары ашылмақ. Атап айтқанда, облыстық сот ғимаратының алды мен «Атырау-Ақпарат» ЖШС-нің жағалау беткейі және Махамбет атындағы академиялық драма театрының маңы тұрғындар үшін тынығуға қолайлы. Аталған аймақтардың мәдени-ескерткіш алаңдары тынығу орны үшін арнайы тандап алынды.

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

Жақында өңірдегі туризмді дамытуға тың серпін берген 2 жоба пайдалануға берілді. Жобалар аясында 600-ге тарта жұмыс орны құрылды. «Нұрлы Жол» бағдарламасы шеңберінде көлік логистикасының біртұтас жүйесі қалыптастырылған. Жоспар бойынша жаңа жобаларды іске асыру «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы арқылы жүргізіледі.

ҚАРАҒАҢДЫ ОБЛЫСЫ

Жаңарқа ауданында атақты палуан, сал-сері, халық композиторы Балуан Шолақтың ғашығы Ғалия Тілеуқызына ескерткіш ашылды. Ғалияның кіші інісі Төлеутай Мұқатай махаббат символы ретінде ескерткіш салуға өз қаражатынан миллион теңге бөлді. Ғалияның басқа елде тұратын туыстары мұны қолдап, қаржылай көмектескен. Құрылысы 2019 жылдың мамыр айында басталған ескерткіштің жалпы құны 4 млн 200 мың теңгені құрады.

АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

Мейірхан АҚТАЙ, елорда тұрғыны:

– Мен қазіргі таңда елордадағы арнаулы кәсіптік білім беретін колледжде оқимын. Бүгінгі пандемия жағдайында қашықтан оқып жатқандықтан, бос уақытымды волонтерлік қызметке арнағым келеді. Алайда кімге, қайда хабарласу керектігін білмеймін. Сол туралы мәлімет бересіздер ме?

Оқырман сауалына Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Жастар саясаты мәселелері басқармасы оқушы және студенттермен жұмыс бөлімінің бастығы Ақұлан Тастемір жауап береді:

– «Астана жастары» КММ волонтерлері елордалық жастардың ел дамуына өз үлестерін қосуына мүмкіндік беретін мәдени, әлеуметтік, экологиялық, әлеуметтік шараларының барлық түрлерін ұйымдастырады. Жастарды осы бағытқа тарту және оқыту мақсатында еріктілер мектебінің еріктілері 3 бағытта тегін оқытылады: әлеуметтік еріктілер,

ТЖ еріктілері және халықаралық оқиғалар.

Еріктілер жұмысының бағыттары - спорттық, әлеуметтік, EVENT-еріктілік, ECO-еріктілік, ТЖ еріктілік болып бөлінеді.

Ерікті үшін – жеке куәлік, сауалнама толтыру, әңгімелесуге келу, біздің ұйымның сіз үшін лайықты жұмыс орын екендігін тексеру және сізде ерікті боламын дегенге сенім болу керек. Бізбен www.astanajastary.kz, Call center: 2019, @astana_jastary, @astana_zhastary_volunteers арқылы байланыса аласыз.



ЖЫЛУ ҚАШАН БЕРІЛЕДІ?

Қалада жылыту маусымы көшедегі орташа ауа температурасы бес тәулік бойы +10 °C және одан төмен болған кезде басталады. Қазіргі таңда нысандарға бекітілген кесте бойынша дайындық жүргізіліп жатыр.

Бұған дейін хабарланғандай, елордада энергия кешендерін, ТКШ, білім беру, мәдениет және денсаулық сақтау нысандарын дайындау бекітілген жоспар бойынша жүргізілуде.

Көппәтерлі тұрғын үй қорының дайындығы 90%-дан жоғары. Сонымен қатар, қалада күн сайын 20 мың тонна көлемінде қатты отын қоры қамтамасыз етіледі.

ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРҒА – ЕРЕКШЕ КӨҢІЛ

Елордада ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жағдай жасаған мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі артты. Бұл туралы кеше елорда әкімі Алтай Көлгіновтің азаматтарды онлайн-қабылдауы кезінде айтылды.

Қазіргі таңда қалада түрлі ауытқулары бар тәрбиеленушілерге арналған 45 түзету тобы жұмыс істейді. 10 балабақшада алғаш рет аутизм спектрі бұзылған балаларға арналған арнайы топтар құрылды. Балабақшалар мен шағын орталықтарда психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері және ҚР Тұңғыш Президенті-Елбасы қорының бастамасымен мектептер базасында инклюзияны қолдау кабинеттері ашылды. Биылғы жазда екі оңалту орталығы: біріншісі – «аутизм» диагнозы бар балаларды оңалтуға арналған орталық, екіншісі – №1 көпсалалы балалар ауруханасы базасында жұмысын бастады. Орталық БЦП диагнозы бар балаларға арналған. 2020 жылдың соңына дейін көру қабілеті төмен балаларға арналған



балабақша, иппотерапиямен айналысуға арналған жабық ат спорты манежі салынып, пайдалануға беріледі. Жаңа тұрғын үйлердің бірінші қабаттарында Оңалту орталықтары, шағын орталықтар, медициналық орталықтар ашылады. «Жастар» сарайы

ғимаратына, оның ішінде бассейнге жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Демек, бассейн ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін қолжетімді болады. Инватаксис саны екі есе өсті. Бұл бағыттағы жұмыс тұрақты негізде жүргізіледі. Осы онлайн кездесуде

«Солнечный мир» қоғамдық қорының өкілі Ч.Евгения қала әкіміне ерекше қажеттіліктері бар балаларды оңалту үшін жағдай жасау және ұйымдастыру жұмыстарына көмек көрсеткені үшін алғыс білдірді.

Апта сайын қала әкімі азаматтарды қабылдайтын болады. Елорда әкімі Алтай Көлгіновтің тапсырмасы бойынша, электронды карталар жүйесі әзірленіп, іске қосылды. Сандық жүйе тұрғындардың мәселелерін орындау мәртебесін көруге және бақылауға мүмкіндік береді. Тиімді кері байланыс және тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсету үшін, өткен жылдың тамыз айында «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығы ашылды. Осы уақыт ішінде орталық 57 мыңнан астам мәселенің шешімін тапты.



МОБИЛЬДІ БРИГАДАЛАР ЖҰМЫСЫ КҮШЕЙТІЛДІ

Нұр-Сұлтан қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы Covid-19 індетіне, тұмау мен ЖРВИ сияқты маусымдық аурулар санының көбеюіне байланысты дайындық жұмыстарын жүргізуде.

КВИ және пневмониямен ауыратын науқастарға үй жағдайындағы ауруханалар ұйымдастыру, сондай-ақ оларға ақысыз дәрі-дәрмектер беру қарастырылған.

– Қаланың барлық емханаларында мобильді топтардың жұмысы паци-

енттерге үйге бару арқылы қызмет көрсету жұмысы ұйымдастырылды. Індетке күдікті науқастардан т.с.с. коронавирустық инфекцияға үйден ПЦР тест алынады. Олардың саны 207-ні құрайды, – деді денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Әлия Рүстемова.

ЕМХАНАҒА ТІРКЕУДІ БАСТАЙДЫ

15 қыркүйекте азаматтарды жыл сайынғы БМСК ұйымдарына тіркеу науқаны басталады. Науқан екі айға созылады. Бұл туралы Денсаулық сақтау министрлігінің ресми өкілі Бағдат Қожахметов мәлімдеді.



Ведомствоның ресми өкілі қазақстандықтарға емхананы өз үйіне жақын маңнан таңдауға кеңес берді. «Емханалар денсаулық сақтау жүйесіне кірудің «алтын қақпасы» екенін білесіздер. Сондықтан алдағы екі айда азаматтарымыз тұрғылықты жері бойынша емханаларды таңдай алады. Мейлінше үйіңізге жақын жерден таңдауға кеңес береміз. Өйткені медицина қызметкерлеріне емханаға тіркелген науқастарды үнемі қадағалап, тіпті үйіне барып қызмет көрсетуге ыңғайлы

болады. Бұл тәжірибе, әсіресе, пандемия жағдайында аса маңызды» деді ол брифингте сөйлеген сөзінде. Айта кетсек, сол күні Қазақстанда тұмауға қарсы екпе салу науқаны да басталады.

Тіркеу науқаны біткесін әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры ұйымдардың келесі жылы 1 қаңтардан бастап көрсететін қызметтері үшін төлем төлей бастайды. Ал биыл азаматтар қор есебінен өзі бұрын тіркелген емханасы арқылы медициналық көмек ала береді.



ЖЕКСЕНБІДЕ ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ЖҰРМЕЙДІ

Ертең, яғни, 13 қыркүйекте Нұр-Сұлтан қаласында қоғамдық көлік қозғалысы бір күнге тоқтатылады. СТС компаниясының мәліметінше, бұл күні автобустар мен автопарктерде дезинфекциялық жұмыстар жүргізіледі.

Сенбі күні қоғамдық көлік қалыпты жұмыс істейді. Жұмыс кестесі сағат 23:00-ге дейін жалғасады. Дүйсенбі күннен бастап, 14 қыркүйекте қалалық және қала маңына қатынайтын автобустар желіге шығады. Еске сала кетейік, қоғамдық көлікке бетперде тағып кіру керек. Жол жүру ақысы тек электронды түрде төленеді.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

Жыл соңына қарай облыстағы мектептердің 84%-ы сымсыз интернетке қол жеткізетін болады. Биыл жергілікті бюджеттен 156 мектепке 454 миллион теңге бөлінді. Нәтижесінде жыл аяғына дейін 639 мектеп Wi-Fi технологиясы негізінде ғаламторға қол жеткізеді. Жалпы, бүгінгі таңда облыстағы 760 мектептің барлығы компьютерлік техникамен жабдықталып, 100% ғаламторға қосылған.

БҚО

«Нұрлы жер» бағдарламасы аясында Орал қаласында жаңа қазандық орнатылуда. Заचाган кентіндегі «Водстрой» автокөлік кәсіпорны» ғимаратындағы қазандықты қайта құру жобасын жүзеге асыру үшін «Жайықжылукуат» АҚ мердігер ұйымы мен «Жайыққұрылыс» ЖШС арасында 546,303 млн теңгеге келісімшарт жасалған.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

Биылғы шілде айында ҚР және РФ Үкіметі қуаты жылына миллион тонна минералды тыңайтқыш шығаратын зауыт салу және пайдалану туралы үкіметаралық келісімге қол қойған болатын. Өңірде салынатын зауыт құрылысына 800 млн доллар инвестиция жұмсалмақ. Жоба Қаратау фосфорит бассейнінің кен орындарын игеруді көздейді.



ЦИФРЛАНДЫРУ БАРЛЫҚ САЛАНЫ ҚАМТИДЫ

Цифрландыру үдерісі елорданың тіршілігін қамтамасыз ететін барлық салаларға енгізіліп жатыр. Кеше «ANTIKOR ORTALYGY» алаңында ANTIKOR.LIVE жобасы аясында онлайн сұхбатқа қатысқан қала әкімінің орынбасары Малика Бектұрова осылай мәлімдеді. Сұхбатты Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаменті басшысының бірінші орынбасары Жазира Жылқышиева жүргізді.

ЖАҢА ГЕОПОРТАЛ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

– Осыдан екі-үш жыл бұрын цифрландыруды қауіпсіздік саласына енгізіп, дамытқан болсақ, қазір оған барлық сала кірді. Жаңа геопортал іске қосылады. Біздің пікірімізше қаланың ең маңызды салаларының бірі – архитектура. Күнделікті қаншама адам тиісті басқармаға мемлекеттік қызмет алу үшін жүгінеді. Және бұл әлі де қағаз форматында жүзеге асырылады. Осы жағдай адамдарға мәселені шешуде қиындық тудырады. Сондықтан осы салада ауқымды жұмысты бастадық.

Оның мақсаты – қаланың барлық инженерлік инфрақұрылымын цифрландыру, оның дұрыстығын, дәлелдігін тексеру және геопортал арқылы қала тұрғындарына архитектура бойынша бүкіл қызметтерді көрсету, – деді М.Бектұрова.

Білім саласын цифрландыруға тоқталған қала басшысының орынбасары соның шеңберінде мектептер мен балабақшаларда қауіпсіздікке көп көңіл бөлініп жатқанын жеткізді. «Қазіргі жағдайға бұл өте маңызды. Сол себептен биыл «Қауіпсіз мектеп», «Қауіпсіз балабақша» жобаларын толығымен іске қосуды жоспарлап

отырмыз» деді ол.

КАРАНТИНДЕ ҚЫЗМЕТ ОНЛАЙН КӨРСЕТІЛДІ

Оның айтуынша, медицинаны цифрландыру әрі қарай да жалғасады. Әлеуметтік саланың цифрландырылуы ерекше қадағалауға алынады. Соның ішінде қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы 19-ға жуық әртүрлі қызмет түрін осы жылдан бастап электронды форматта көрсетіп жатыр.

– Карантин уақытында қаланың барлық басқармаларының адамдарды тікелей қабылдауға

мүмкіндігі болған жоқ. Бірақ қызмет көрсетуде ешқандай түйткілдер туындамады. Өйткені барлық қызметтер онлайн платформада көрсетілді. Соның ішінде әлеуметтік көмекті алу, оған бүкіл керек құжаттарды тапсыру электронды түрде, дайын тұрған база арқылы жүргізілді, – деді М.Бектұрова.

БАС ЖОСПАР: ЦИФРЛЫ ФОРМАТТЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ НЕДЕ?

Қаланың бас жоспары да цифрландырылып жатыр. Қала әкімінің орынбасары соны да жан-жақты түсіндірді. Бұл жобаны іске асыру биыл басталды. Оның негізгі мақсаты – жер телімдері және инфрақұрылым бойынша ашықта, нақты ақпаратты тарату.

– Астана құрылысының қарқынды қатты болып жатқандықтан, кейбір маңызды мәліметтерде қателіктер кеткен. Мұндай қателіктер көбейген сайын істі шешуде қиындықтарды келтірді. Бір мысал айтайын: құрылыс компаниясы жерді қазуға рұқсат алды дейік. Сол үшін олар қалалық Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы мен құбырдың тереңдігі туралы мәлімет алады. Ал жұмысты бастағанда оқиғаның құбыр жарылып жатады. Бұл жағдай неге орын алды? Себебі құбырдың тереңдігі дұрыс көрсетілмеген. Осындай оқиғаларды болашақта болдырмау үшін және қателіктер орын алмас үшін біз желілердің геосканерлеуін жасап жатырмыз. Яғни, мәліметтерді дұрыстауды қолға алдық. Бұл – үлкен жұмыс. Оған Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы, «Астана Горархитектура» ЖШС, Цифрлық және мемлекеттік қызметтер басқармасының барлығы дерлік қызметкерлері қатысып жатыр, – деді қала әкімінің орынбасары.

Оның айтуынша, бас жоспарды цифрландыру үш кезеңмен жүреді. Соның бірінші кезеңі аяқталды. Сол арқылы қаланың көрінісі электронды форматқа

көшірілді. Онда «қызыл жолақтар», инженерлік желілер көрсетілді. Екінші кезеңде қосымша нысандар – автомагистральдар, жасыл желек саны, құдықтар саны тиісті мәліметтер базасына енгізіледі.

– Құдықтардың нақты санын білмесек, оларды қалай бақылауда ұстаймыз? Оның бәрі енді есепке алынады. Үшінші кезең келесі жылдың көктемінде аяқталады. Онда қалаға қатысты барлық мәліметтер көрсетіледі. Яғни, инженерлік желілер бойынша қателіктер орын алмайтын болады. Бүкіл мәліметтер 100 пайыздық дәлдікпен геопорталға орналастырылады. Монополистер мәліметтерінде де сәйкессіздіктер болмайды. Кәсіпкерлерге де тиісті рұқсатты алу мен жұмысты жүргізу жеңілдейді, – деді М.Бектұрова.

«ҚАУІПСІЗ АУЛА» ЖАҒЫМСЫЗ ЖАҒДАЙЛАРДЫ БОЛДЫРМАЙДЫ

Қауіпсіз қалаға жету мақсатын көздейтін «Сергек» жобасына тоқталған қала әкімінің орынбасары бұл жоба кеңейтіліп жатқанын жеткізді. Бұл аулаларда қауіпсіздік мониторингін енгізу арқылы жүзеге асырылып жатыр. Оның атауы – «Қауіпсіз аула».

– Орталық магистральдер, орталық алаңдар, адамдар көп жиналатын аумақтардың бәрі бейнемониторинг жүйесімен қамтылған. Бірақ аулаларда жағымсыз жағдайлар болып жатады. Мәселен, біреу екіншінің көлігін соқты, велосипед жоғалды, бұзақылық жасалып, ауладағы орындықтар сындырылды дейік. Осындай жағдайларды болдырмау үшін тиісті жобаны қолға алдық. Біз бейнекамералардан бейнескрин аламыз. Бұл жағдай қаланың қауіпсіздігін жақсартады деп ойлаймыз. Түптеп келгенде, осындай жұмыс қала тұрғындарының жайлылығы үшін, тәртіп сақшыларының жұмысын жеңілдету үшін жасалып жатыр, – деді М.Бектұрова.

© Бетті дайындаған Аманғали ҚАЛЖАНОВ

БИЗНЕС БАСТАУҒА ГРАНТТЫ КІМ АЛАДЫ?

Елордада 563 кәсіпкер «Бизнестің жол картасы» бағдарламасы шеңберінде қала әкімдігінің грантын алуға өтініш берді. Байқаудың толық қорытындысы келесі аптада белгілі болады.

Қаланың Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының бас маманы Әділет Тілеповтің айтуынша, кеше бағдарлама аясында грант алуға үміткер жобаларды қарауының соңғы күні болды. Ол үшін арнайы байқау комиссиясы жұмыс істеген. Аптаның басынан бері 443 жоба қаралды. Байқауға жалпы 563 жоба қатысып жатыр. Қала тұрғындарынан барлығы 599 өтініш түскен. Бірақ оның 36-сы бағдарлама шарттарына сәйкес келмегендіктен қатысудан шеттетілді.

Жобалар байқауға қатысушылар дайындаған бейнероликтер мен бизнес-жоспарларға сәйкес бағаланады. Биыл конкурстық комиссияның барлық отырыстары онлайн режимде өтіп, YouTube арнасында тікелей эфирде көрсетіледі. Барлық жобаларды қарап шыққаннан кейін комиссия мүшелері ұпайларды есептейді. Қорытын-

ды мен грант иегерлерінің аты-жөні келесі апта ішінде белгілі болады.

Биыл «Бизнестің жол картасы» шеңберінде гранттық қаржыландыруға 260 миллион теңге бөлінді. Оның 60 миллионы 30 жасқа дейінгі кәсіпкерлерге арналған. Бұл ретте, грант мөлшері 2 миллионнан 5 миллион теңгеге дейін белгіленді.

Жалпы «Бизнестің жол картасы» бағдарламасы Қазақстанда 2010 жылдан бері жұмыс істейді. Оның бір бағытын әкімдіктер қадағалайды. Жергілікті атқарушы органдар бизнеске гранттар мен инфрақұрылымдық қолдау арқылы көмек көрсетеді. Грант беру конкурстарына кәсіпкерлер де, өз ісін ашқысы келетін қазақстандықтар да, оның ішінде әйелдер, мүмкіндігі шектеулі жандар мен 50 жастан асқан адамдар да қатыса алады.



УЧАСКЕЛІК ИНСПЕКТОРЫҢЫЗДЫ ТАНИСЫЗ БА?

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жуырда халыққа жолдаған Жолдауында «Жұртқа жақын полиция» қағидаты бойынша жергілікті полиция қызметінің мейлінше тұтас реформасын жасау қажеттігін айтқан болатын. «Осыған орай учаскелік инспектордың рөліне баса мән берілетін болады. Учаскелік инспектордың мәртебесін заңнама арқылы арттырып, оның өнімді жұмыс істеуіне мол мүмкіндік берген жөн. Ол азаматтар алдында танымал, қолжетімді әрі беделді болуға, солардың құқықтарын қорғауға тиіс» деді Президент.

ИЛЬИНКА ТҰРҒЫН АЛАБЫНДА

Осы бағытта қандай шаралар қолға алынып жатқанын білу үшін, жалпы учаскелік инспекторлар жұмысымен танысу үшін Есіл аудандық полиция басқармасы жергілікті полиция қызметіне қарасты Ильинка тұрғын үй алабына келдік. Соңғы жылдары аумағы үлкейіп, үлкен кентке айналған Ильинканың үйлері алыстан көз тартады. Мұнда асфальт төселген, қаладағыдай ағылып жатқан көлік жоқ, біз барғанда жұмыс уақыты еді, елдің көбі қалада жұмыс істейтіндіктен, көшеде бейсауат жүрген адам көрінбейді. Есіл ауданы әкімшілігінің мәліметі бойынша Ильинка тұрғын үй алабында халық саны – 21 175 мың адам. Ал ресми емес мәлімет бойынша 25 мыңға жуық адам тұрады. Бұл жерде жалға берілетін де жатақханалар көп. Мысалы, 93 мекенжай жалға беріледі. Осыдан-ақ учаскелік инспектор жұмысының оңай еместігін шамалауға болады. Норма бойынша 23 мың тұрғынға 7 учаскелік инспектор керек. Қоғамға жаны ашитын, учаскелік инспекторларға көмектесуден қашпайтын азаматтар көбірек болса, ол да қоғамдық тәртіпті сақтауға сеп болар еді.

ИНСПЕКТОР ӨРТ ТЕ СӨНДІРЕДІ

Есіл аудандық полиция басқармасы жергілікті полиция қызметінің учаскелік полиция инспекторы, полиция майоры Бақдәулет Пернешов он үш жылдан бері органда қызмет етіп келеді. Ал Ильинкада учаскелік полиция болып қызмет етіп жатқанына екі жарым жыл. «Ильинка тұрғын үй алабында тұратын халықтың конституциялық құқығын қорғау, заңды мүліктерін қылмыстық құқықбұзушылықтан сақтауда ПМ 2015 жылғы 29 желтоқсанда шыққан бұйрығына сәйкес, халықпен қалай жұмыс істеу керектігі, есепте тұратын қиын отбасылар, бас бостандығынан



айыру орындарынан келген адамдармен қалай жұмыс істеу керектігі көрсетілген жоспарға сай жұмыс істейміз» дей келіп, күнделікті жұмыс туралы айтып өтті.

Ильинка аумағында күн сайын екі учаскелік инспектор кезекшілікте болады. 102 хабарламасына келіп түскен шақыртулардан бөлек тікелей шақыртуларға барады. Адам көп жиналатын жерлерге ақпараттық парақша ілінгендіктен, жергілікті халық 102-ге емес, тікелей осы жерге хабарласады. Әсіресе, отбасылық жанжалға байланысты шақыртулар көп болады. Көбіне ішкілік себеп. Инспекторлар мұндай отбасыларды жетісіне екі рет қадағалап отырады, қайталанған жағдайда шара қолданады. Айтпақшы, Ильинкада ұрлық жасау деңгейі былтырғыға қарағанда әлдеқайда төмен екен. Жылдан жылға халық саны көбейгендіктен, жүктеме көп. Учаскелік инспекторлар халықпен байланысты нығайту үшін күніне 3-4 рет көшелерді аралап, адамдар жиналып тұрған жерге барып, хал-жағдайларын біледі.

Учаскелік инспектор Бақдәулет Пернешов жақында орын алған оқиғаны айтты. Әріптесі әдеттегіше аумақты жоспарлы аралап жүрген кезде жеке үйдің төбесінен түтін шығып жатқанын көрген, барса үй өртеніп жатыр,

оны үй ішіндегілер білмеген. Учаскелік инспектор көршілерді шақырып, өзі шатырға шығып, шлангамен су сеуіп, өрт сөндірушілер келгенше адамдарды шығарып, әрекет жасаған. Ауылдық жер болғандықтан, қысқа қарай өрт шығуы жиі орын алады. Оны қадағалау да міндетке кіреді. Одан бөлек жағдайы қиын отбасыларға көмек көрсету, қайырымдылық акциялары ұйымдастырылып тұрады.

МАҚСАТ – ҚАУІПСІЗ АУЛА ЖАСАУ

№21 учаскелік полиция пунктіннің жауапты инспекторы, полиция капитаны Айдос Момбиев 2013 жылдан бері осы қызметте. Ол «Полиция халықтың көмекшісі болуы керек» деп есептейді. Айдостың «Президенттің учаскелік инспекторлардың ролін көтеру туралы айтқаны көңілге қонды. Қызметкердің әлеуметтік жағдайы жасалса, ол үйінің проблемасын ойламайды, жұмысқа барымен беріледі» деген пікірінің жаны бар. Шынында да, баспана мәселесі шешілмеген, айлығы жетпей жүрген адамды жұмысқа жанын салады деу қиын. «23780 адам бар, 21 әкімшілік аумақтың көлемі – 800 гектар, қазіргі уақытта учаскелік инспектор саны – 5 бірлік, аңшылық қаруы бар азаматтар саны – 146 адам, 300 бірлік қару тіркелген,

отбасылық жанжал бойынша үш азамат сот шешімінің ерекше талабымен алты айдан бір жылға дейін есепте тұрады. Бес адам бұрын сотталған, бес адам психдиспансерде есепте тұрған 12 адаммен жұмыс істейміз. Осы әкімшілік аумақта қауіпсіз аула жасау – біздің басты мақсатымыз. Кез келген азамат не тұрғын осы тұрғын үй алабына келген кезде өзінің қауіпсіз жерге келгенін сезіне білуі тиіс. Ол үшін аулаларға камералар, бейнебақылау көбірек орнатылса дейміз. Осы жерде отырып қай жерде не болып жатқанын көріп отырсақ, сол бойынша жұмыстар жүргізе алсақ, халықпен жұмыс жоғары деңгейге көтеріледі» дейді №21 учаскелік полиция пунктіннің жауапты инспекторы, полиция капитаны Айдос Момбиев.

Айта кетейік, жаңа Жолдауында Президент Қ.Тоқаев бейнебақылау туралы айтуды да ұмытпады. «Бейнебақылау жүйесін дамыту жөнінде көп айтылады. Бірақ соған қарамастан құқық қорғау органдары көбінесе өздерінің ғимараттарында құрылғысыз отырады. Түзеу мекемелеріне және полицияның қызметтік ғимараттарына жаппай бейнебақылау орнатуды тапсырамын» деді. Бұл – өте маңызды шаруа. Халық тығыз орналасқан жерде қылмыс

аз болмайды, сондықтан камера керек. Ильинкадан камера көре алмадық, бірақ, халық тәртіпті көрінеді.

УЧАСКЕЛІК ПОЛИЦИЯ САНЫН КӨБЕЙТУДІ СҰРАДЫ

Қарашаш Ташенова, жергілікті тұрғын:

– Ильинка тұрғын алабының жергілікті тұрғыны болғандықтан, полицияға шамам келгенше көмектесемін. Бұл жер қаланың шеткері аймағы және халық саны көп. Бірақ, учаскелік инспекторлар саны аз. Соның өзінде біздің полиция жақсы жұмыс істеп жатыр. Біріншіден, қандай жағдайда да шақырсаң, тез жетеді. Дегенмен, халық көп болғандықтан үлгеру қиын, қосымша учаскелік инспекторлар керек. Сонымен бірге полицияның әлеуметтік мәселелері шешілсе. Менің білетінім, олардың бәрі бірдей баспанамен қамтылмаған. Әскери қалашықтардағы бос үйлерді неге бермеске? Бұл – менің өз ойым. Қалай болғанда да бізге учаскелік инспекторлардың тұрақты түрде жұмыс істегені керек. Үйреніп қалдық, олар біздің Ильинка тұрғын-үй алабының жұмысын біледі. Біздің жақта өрт жағдайы жиі орын алады, сол кезде учаскелік инспектор алдымен көмекке келеді. Бірақ, көріп тұрсыз, халық саны көп, сондықтан бізге қосымша өрт сөндірушілер керек. Орталықтан келіп болғанша уақыт кетеді.

«ХАЛЫҚҚА ЖАҚЫНДАҒАН САЙЫН ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК ПАЙДА БОЛАДЫ»

Біз Ильинкадан шығып, Алматы аудандық ішкі істер бөліміне қарасты мекенжайға бағыт алдық. Біз барғанда Алматы аудандық ішкі істер полициясының учаскелік инспекторы, аға лейтенант Қазыбек Алимов - Б.Момышұлы көшесі, №14-үй мекенжайының ауласында тұрғындармен кездесіп, түсінік жұмыстарын жүргізіп жатыр екен. Оның міндетіне Момышұлы көшесіндегі №12, 14, 16, 18 сияқты үлкен алты ТК мен елу жеке сектор кіреді. «Дәл қазір профилактикалық шаралар бойынша түсінік жұмыстарын жүргізудеміз. Әсіресе, отбасылық жанжалдар бойынша шақыртулар көп болады. Одан бөлек, подъездерде қоқыс қалдыру, түнгі тыныштықты бұзу, аулаларда, скверлердегі мас адамдар жүргені туралы шақыртулар болады. Президенттің учаскелік инспек-

торлар ролін көтеру туралы айтқанына қосыламын. Халыққа жақындаған сайын өзара түсіністік пайда болады, қылмыс азаяды, ол қоғам үшін пайдалы. Сонымен бірге мобильді жұмыстар тез жасалу үшін қолдау көбірек болса. Әрине, біздің салада жылдан жылға жағдай жақсарып келе жатқаны байқалады, планшет берілді, видеорегистратордың өзі жұмысты жеңілдетеді» деп пікір білдірді ол.

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ КӨҢІЛІ ТОЛАДЫ

«Сіз өз учаскелік инспекторыңызды танысыз ба? деп тұрғындарды сөзге тарттық. Гүлия Досаева, Момышұлы 14 мекенжайында тұрады. ЖПИК диспетчері учаскелік инспектордың жұмысына оң баға берді. «570 пәтерде әлдеқалай жағдай болса дереу инспекторды шақырамыз, ол дереу келіп шешімін табады» дейді апай.

Абылайхан Жараспаев та осы үйде 7 жылдан бері тұрады екен. Ол да учаскелік инспектор жұмысына көңілі толатындығын айтты. «Өз басым екі рет учаскелік инспекторды шақырттым. Бірінде барсетка ұрланды, оны сол заматта камерадан қарап дереу тауып берді. Екіншіде қоқыс мәселесіне қатысты. Қазір тұрғындар да үйренді, бұрынғыдай қоқыс қалдырмайтын болды. Өз тарапымыздан инспекторға көмектесеміз, ауланы бақылап жүреміз, мас адамдар жүрсе ескертеміз» деді тұрғын.

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІ...

Учаскелік инспекторлардың кейбір мәселелері туралы қалалық мәслихат отырыстарында да бірнеше рет айтылғаны белгілі. Ортақ мәселе – олар отыратын жерлер көбіне тозған жатақхананың төменгі қабаты, ал опорный пункттердің көбі салқын. Басты қиындық учаскелік инспекторлардың жүктемесі көп, мысалы, бір инспекторға 7 мыңнан аса тұрғыннан келеді, бұл – бекітілген нормадан үш есе көп деген сөз. Оның үстіне тек кезекті еңбек демалысында ғана болмаса, басқа уақытта демалыс дегенді білмейтін олардың айлығын да керемет дей алмайсыз. Сонымен бірге көлік қажеттілігі. Учаскелік инспекторлардың көбі шақырту түскен жерге жаяу барады. Өзі жүктемесі көп, өзі жаяу жүрген учаскелік инспектор қалай үлгереді?

Елбасы «Отбасы – Қазақстан қоғамының діңгегі, экономикадағы, мәдениеттегі, әлеуметтік саясаттағы барлық жаңа жетістіктерінің негізі» деп бұл мәселенің біздің қоғам үшін маңызын көрсетіп берді. Бүгін шаңырақ құрып, ертең ажырасып жатқан жұптарға қарап, отбасылық өмірдің қадір-қасиеті арзандап, тәрбиедегі құндылықтар құлдырып бара ма деп қорқатынымыз рас. Отбасы күні деп арнайы күнтізбеде белгіленуі де сол олқы тұстардың орнын толтырып, тәлім, тәрбие, өнегенің қадір-қасиетін арттырмақ. Осы орайда газет тілшісі мен Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, қоғам қайраткері Асылы Осман әңгіме өрбітті.

ОТАН ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ


– Алдымен Отбасы күні құтты болсын! Бір күн емес, отбасының берекелі болуына әр күнді арнасақ аздық етпес. Дегенмен отбасы құндылықтары туралы не айтар едіңіз?

– Дүниенің бәрі отбасынан басталады. Қазақ текке айтпаған ғой «Қора толған қой бер, бесік толған бала бер, ол балаға сана бер» деп. Ең бірінші саналы болуымыз керек, сол арқылы кісілік, кішілік қасиеттер келеді. Ал санасыздықтан, сабырсыздықтан, түсіністіктің болмағандығынан қанша отбасы шайқалды. Дана Абай соншалықты айтпап па еді, тазалықты, адамдықты, төзімді болуды. Ондай қасиеттерден адам боп барамыз. Әсіресе, карантин кезінде сорақы жағдайлардың болуы – адами қасиеттердің құлдырауынан. Біз ата-бабаларымыз тірі болуды армандады, тірі болуға атсалысты. Ал сол алыптардың бүгінгі ұрпағы мынадай бейбіт заманда тірі болмақ тұрмақ ірі болуға талпынуымыз керек. Ол үшін әрине, саналы тәрбиені сіңіру – парызымыз. Мен білім әлемдік болу керек, тәрбие ұлттық болу керек деп те мақала жазғанмын. Қазір тәрбие ұлттық болмай тұр. Бұрын үлкеннің алдын кесіп өтпеген, бағалаған, кішісін құрметтеп, қадірлеген. Сол тәрбие болмай тұр ғой. Мен ауылда қазақты тәрбиенің ортасында өсіп, осындай ұлағатты көрдім. Жаңа өзінің айтқаның рас, Гүлжан біз бірлік, түсіністік, бір-бірімізді сыйлау дегенді ұқпайынша құндылыққа бойлай алмаймыз. Неге Төле би айтқан «Бірігу – ата-баба өсиеті, ыдырау – заман қасіреті» деп. Кешегі карантин кезінде бір емес жүздеген отбасында бірін-бірі сыйламай, ырың-жырың боп өмір сүруі – түсінігіміздің

жоқтығынан, сабырсыздығымыздан. «Ей мынау менің отбасым, ошақ қасым ғой» деп соның амандығын ойлау керек. Сонда ғана елдің амандығын, қоғамның тыныштығын сақтай аламыз. Біз әлі күнге дейін азаматтық қоғамды қалыптастыра алмай отырмыз. Азаматтық қоғам ол – азаматтардың бірлігі. Ал бірлік отбасынан өрбу керек. Аталарымыз бірлік бар жерде тірлік бар екенін дәлелдеп кеткен. Өткенге топырақ шашсаң, келешек саған тас атады демей ме? Сондықтан ұлттық тәрбиеде көненің көзі мен өсиетті сөзін ұмытпаған абзал.

– Отбасы саясаты, құндылықтары жөнінде көп айтылып жүр, әсіресе жыл сайынғы Жолдауда осы мәселеге көп көңіл бөлінеді. Дегенмен өз шаңырақтарының шырағын сөндірмеу ер мен әйелдің парызы емес пе?

– Шындығында, әркім өзінің міндетін білу керек. Оттың ошағын, түтінін сөндірмейтін әйел ғой, жаным. Балаға тәрбие беретін, еркекті ер ететін де, жер ететін де әйел ғой. Ал ер адам өзінің ерлік мінезінен ажырамаса дейміз. Сондықтан еркек те сол әйелдің жайын біліп, оны анам, қызым, қарындасым деп сыйлау парызы ғой. Не себептен біз ананы жоғары қойып, тілімізді де ананың тілі деп атадық? Сондықтан ана өзінің миссиясын білу керек те, ал азаматтар әйелі болса да, оны ана деп қадірлеп, қастерлеу керек. Ал қазір бәрі билік жазағысы келеді. Әйел өзін би санайды, еркек өзін қожа санайды. Жоқ, жандарым олай болмайды ғой. Келісіп пішкен тон келте болмайды емес пе? Жеміс ағашы неғұрлым жемісі көп болса, соғұрлым басың төмен иеді. Міне, сенің жағдайың қандай болса



да, сыйластық деген нәзік жіптен аттамау керек. Неге ерлі-зайыптылар жап-жақсы қосылғаннан кейін, бірі әрі, бірі кері тартады? Бұл жерде отбасына үлкендердің өнегесі керек-ақ. Саясат дегеніміз – осы. Құндылық деген – ол тәрбие. Ізгі жолмен, ұлттық дәстүрмен сіңірілген тәрбие. Ең жақсы нәрсе кендік, ұқастық, үйлесімділік, бір-біріне үйлесе білу керек. Елбасы Жолдауында осы құндылықтарға мән берді. Әркім табиғаттың заңына бағынғаны дұрыс. Алла әр пендеге өз міндетін жүктеді ғой.

– Асылы апай, отбасылық, туысқандық қарым-қатынас өте нәзік дүние. Елбасының Отбасы күнін белгілеуі де тегін емес қой?

– Әрбір отбасындағы тұрақтылық тыныштық қоғамның да гүлденуіне, рухани өркендеуіне ұласады. Білтімақ болған жерде бірлік болады. Әрбір істі жүректің тазалығымен істей білген жөн. Мына ел менің елім, менің жерім, менің отаным, отбасым деп таза жүрекпен сүйгенде ғана нәтиже болады. Отан отбасынан басталады деген көп айтылса да, көңілге қонақтайтын сөз. Айналып келгенде, бәріміз бірлікті, берекені сақтауға атсалыссақ, қоғам сау болары сөзсіз. Мысалы, қазақтың атына кір келсе, бәрімізге кір келеді. Мен мақтаншпен айтатын, арамдықтан ада, қиянаттан шет, тумысынан таза, қаны да, жаны да таза, жеті атасын білетін, алысты жақындатып, жатты туыс қылатын қазақ елі деп. Міне, осындай ұлттың бойындағы адами қасиеттер жоғалмаса, онда шаңырақ шайқалмайды, отбасының бірлігі берік болады. Мен Елбасының Отбасы күні деп белгілегенін де қолдаймын, қазіргі президенттің халық үнін тыңдайтын мемлекет дегенін де қолдаймын. Осыларды қолдай отырып, ұлттық тәрбиені басты орынға қоямын. Өйткені ұлттық тәрбие – ұлттық құндылықтарды қалыптастырады. Ал ол қасиеттер, әрине, отбасында, әке мен ананың тәрбиесімен беріледі. Тәрбие тал бесіктен басталады, осыған келгенде аналардың рөлі, аналарға артылар жүк мол. Ерлер далада қалсын деп жатқан жоқпын. Әкенің де орны зор. Отбасы – әке, ана, бала деген ұштағанның бірлігі. Еліміз аман, отбасымыз тыныш, бақты-берекелі болсын!

**Сұхбаттасқан
Гүлжан АБАЙҚЫЗЫ**



«ЖАНҰЯ» ЖЫЛУЫ

Елордадағы «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығында отбасыларға құқықтық, психологиялық және әлеуметтік көмек көрсетіледі.

Бір жылдан бері Нұр-Сұлтан «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығы жұмыс істейді. Орталық тұрғындарға жұмыс табуға, кәсіптік білім алуға, әлеуметтік және тұрғын үй бағдарламалары туралы ақпарат алуға, сондай-ақ оларға қатысуға көмектеседі. Барлық қызметтерді онлайн

форматта немесе 57-87-00, 57-88-88 нөмірі арқылы алуға болады.

Орталықта 12 мемлекеттік орган және квазимемлекеттік сектор ұйымдарының жұмысы ұйымдастырылған. Онда «Азаматтарға арналған үкімет» КЕАҚ, Жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасы, қала

әкімдігі, Жұмыспен қамту орталығы, Тұрғын үй қоры, Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі, Бірінші жинақтаушы зейнетақы қоры, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры, «Қазпошта» АҚ, құқық қорғау органдары және басқа құрылымдардан кеңес алуға болады.

Сонымен қатар «Жанұя» орталығында көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға өз кәсібін ашуға қолдау көрсетіледі. Мысалы, кәсіпте табысқа жеткен әйелдермен Self Made мотивациялық бизнес-тренингтері өткізіледі.

Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ

ЕЛОРДАДА ҚАНДАЙ ШАРАЛАР ӨТЕДІ?

13 қыркүйекте елімізде Отбасы күні тойланады. Елорда тұрғындары мен қонақтары үшін бұл күні театрлар мен мұражайлар бірқатар іс-шаралар ұсынады, ал кітапханалар мереке қарсаңында байқаулар, челленджер мен семинарлар өткізеді. Іс-шаралар онлайн-форматпен қатар, санитарлық талаптарды қатаң сақтай отырып, офлайн да өткізіледі.

Тәуелсіздік сарайында Nur Otan партиясының қалалық филиалы мен Нұр-Сұлтан қаласы білім басқармасының қолдауымен BILIM фотожәрмеісі өтеді. Онда «Ақанәвтар әулеті» көрмесі өтеді, көрмеде «Менің замандастарым» атты жанрлық портреттер топтамасы көрсетіледі, оған республиканың білім, мәдениет және бейнелеу өнері саласындағы танымал қайраткерлерінің 20-дан астам сурет-портреттері қойылады. Сондай-ақ келушілер «Кеңістіктегі қозғалыс» көркем көрмесін, «Өнер қарлығаштары» балалар көрмесін және Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арналған көрмені тамашалай алады.

Қалалық мәдениет басқармасы хабарлағандай, көрмелерге кіретін адамдар саны шектеледі. Барлық санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтай отырып, оннан астам адам ғана қатыса алады. Nomad City Hall театры 13 қыркүйекте театрдың отбасылық жұптардан құралған әртістері музыкалық құттықтауларымен қала тұрғындарын қуантады. Сәкен Сейфуллин мұражайы 13 қыркүйекте әлеуметтік желілерде «Отан - отбасынан басталады» онлайн-дәрісін өткізеді. Сарапшылар отбасылық құндылықтарды сақтау және нығайту туралы әңгімелейді.

13 қыркүйекте «АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешені «Отбасы – бақыт мекені» атты әлеуметтік желілерде слайдтармен қатар көрме ұсынады.

М.Горький атындағы Мемлекеттік драма театры 13 қыркүйекте Данил Хомко мен Полина Харламовамен «Даня+Поля» тікелей эфирге шығады. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Қуыршақ театры «Волшебные слова» онлайн-спектаклін көрсетеді.

14 қыркүйекте «Отбасы – өмір айнасы» онлайн сабақтары № 4 және 12 кітапханаларда өтеді. Бейбітшілік және Келісім сарайы 11 қыркүйекте «Отбасы күнін» өткізеді. Ниет білдірушілер «Отбасы күні мерекесінің шығу тарихы» экскурсиялық секторының танымдық сағатына барып, «Мен және менің отбасым» байқауына қатыса алады. «Туған жер» студиясының балалар хоры «Бейбіт өмір сіздерге» әнін орындайды. 28 қыркүйекте «Наз» мемлекеттік би театры әлеуметтік желіде «Время – жизнь» хореографиялық қойылымын көрсетеді.

Отбасы күнін мерекелеу қарсаңында, Нұр-Сұлтан қаласы ішкі саясат басқармасы 11 қыркүйекте Отбасы институтын нығайтуға, оның беделін арттыруға, некенің ұлттық құндылықтарын насихаттауға, ұрпақтардың әлеуметтік және мәдени сабақтастығын қамтамасыз етуге бағытталған «Бақытты отбасы – мемлекеттің негізі» форумын өткізді. 12 қыркүйекте сағат 10:00-ден 13:00-ге дейін Нұр-Сұлтан қаласының Азаматтық бастамалар орталығында (Әуезов, 19) тегін психологиялық және құқықтық кеңес ұйымдастырылады. Сонымен қатар, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсету мәселелері бойынша дөңгелек үстел өтеді. М.Өтемісов атындағы Оқушылар сарайы «Бақыт тұмары – менің отбасым!» отбасылық demo-күнін өткізеді. Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайы «Шоқжұлдыз» марафонын бастайды. Вокал бойынша танымал тұлғалар ZOOM платформасының көмегімен ата-аналармен онлайн режимде сұхбаттасып, ән айтады. Белсенді отбасылар алғыс хаттармен марапатталады.



2011 жыл мемлекетіміздің тарихында Алматы және Астана қалаларында ақ Азияданың өтуімен, ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығымен, Қазақстанның Ислам конференциясы ұйымына төрағалық етуімен, соның аясында Астана декларациясының қабылдануымен айшықталды. Сол жылы бір мүшелге толған елорданың да саяси, әлеуметтік-экономикалық, әдеби-мәдени өмірінде айтулы оқиғалар болды. Соның бәрі бас қаланың бас басылымы - «Астана ақшамы» газеті беттерінен көрініс тапты.



АҚ АЗИАДА АЛАУЫ

Басылымның жылашар нөмірінен VII қысқы Азия ойындары туралы ақпараттық, сараптамалық, танымдық бағыттағы материалдар шыға бастады. «Тәуелсіздіктің мерейлі жылы байрақты жарыспен басталғалы тұр. Енді санаулы күндерден кейін Қазақстанның барлық аймағында Азияданың алауы эстафетасы басталып кетеді. Бұл кезде елдің бірлігі мен рухы бір арнаға тоғысып, мәртебеміз көтеріледі. Яғни, 30 қаңтар-6 ақпан күндері Астана мен Алматы қалаларында өтетін VII қысқы Азия ойындары Қазақстан тарихындағы орасан оқиға болмақ...» деп жазды сол кезде газеттің бас редакторының орынбасары Ғалым Қожабеков. «Биатлонда бағымыз жана ма?» атты бұл материалында автор әрі қарай осы спорт түрінің тарихына, Қазақстан құрамына тоқталған («Астана ақшамы», №1, 6 қаңтар, 2011 жыл).

Газеттің бұдан кейінгі нөмірлерінде де «Фристайл: үкілі үмітіміз Юлия», «Мәнерлеп сырғанау – спорттың сұлуы» атты қызықты материалдар шықты. Қорытындысында бір аптаға созылған байрақты бәсекеде Қазақстан айды аспанға шығарып, командалық есепте медальдар көрсеткіші жағынан бірінші орыннан көрінді. Жалпы алғанда, қоржынына 70 медаль (32 – алтын, 21 – күміс, 17 – қола) түсірді.

ҚАЙРАТКЕРДІҢ КҮЛІ ЖӘНЕ МАРИЯ ТЕАТРЫНЫҢ ГАСТРОЛІ

Сол қыста Алаш арысы Смағұл Сәдуақасовтың мәйітінің күлі елордаға жеткізілді. Мұны газет 22 қаңтар күні шыққан нөмірінде хабарлады. Бұл хабардан қайраткердің күлі 21 қаңтарда сағат 7.15-те «Мәскеу – Астана» бағытындағы №874 ұшақпен әкелінгенін білеміз. Жерлеу орны анықталғанша, Алаш ардақтысының күлі Сәдуақас қажы Ғылмани мешітіндегі арнайы бөлмеде сақталды.

Көктемде астанаға атақты Мария театры гастрольдік сапармен келді. «Астанада алғаш бес жыл бұрын болдым. Конгресс-холда өнер көрсеткен едік. Сол уақыттан бүгінге дейінгі өзгерісті көріп өзім де таң қалдым. Астананы, жалпы Қазақстанның даму қарқынын айтып жеткізу мүмкін емес. Адам сенгісіз» деген еді сол кезде газет тілшісіне берген сұхбатында театрдың көркемдік жетекшісі Валерий Гергиев.

ҚҰРЫЛТАЙ ҚОНАҚТАРЫ

Мамырдың мамыражай күндері елордада Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының IV құрылтайы өтті. «...Шетелдік арнайы делегацияны бұрнағы күні Астана теміржол вокзалынан Талғат Мамашев, Кәкімбек Салықов, Нұрғожа Ораз, Оразқұл Асанғазы, Мұхаммедия Ахмет-Төре сынды еліміздің бір топ зиялы қауым өкілдері қазақи дәстүр бойынша шашу шашып, құшақ жа

қарсы алды. Келген қонақтардың арасында 40 шақты елде тұратын қазақ диаспорасының 350-ден астам өкілі бар...» («Астана ақшамы», №58, 26 мамыр, 2011 жыл).

АСТАНА ДЕКЛАРАЦИЯСЫ ҚАБЫЛДАНДЫ

Қазақстанның төрағалығымен Ислам ынтымақтастық ұйымының Сыртқы істер министрлері кеңесінің 38 сессиясы 30 маусым күні елордада аяқталды. «57 мемлекеттен келген делегаттардың қатысуымен үш күнге созылған жиын барысында жүздеген құжат қабылданып, өзара келісімдер мен хаттамаларға қол қойылды. Ең бастысы, бүгінгі күні ислам әлемін шарпыған өзекті мәселелерді қамтыған 26 пункттен тұратын Астана декларациясы қабылданды...» («Астана ақшамы», №75, 6 шілде, 2011 жыл). Осы нөмірде Ислам ынтымақтастық ұйымының бас хатшысы Әклемеддин Ихсаноглының көлемді сұхбаты да шықты.

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА – ЖАҢА МЕКТЕП

2011-2012 оқу жылы басталғанда астанада 81 орта білім беру мектебі болды. Оның 68-і – мемлекеттік, 13-і – жекеменшік және 1 – кешкі мектеп. 1 қыркүйек күні Көктал-2 кентінде №68 орта мектеп оқушыларға есігін айқара ашты. Аталмыш оқу орны 800 балаға арнап салынған. Бірінші күннен мұнда 700-ден астам бала қабылданды. «Соңғы жылдары қала шетіндегі кенттерге ерекше көңіл бөлініп отыр. Мұнда ашылған білім мекемелерінің орны бөлек. Сондықтан Көктал-2 кентіндегі №68 орта мектептің ашылуын жергілікті халық асыға күтті. Қазір Көктал-1 кентіндегі №40 мектептегі оқушылардың саны көп болғандықтан, осында ауыстырылды. Ондағы тәжірибелі мұғалімдердің жартысы да жаңа мектепке арнайы шақырылып отыр». Сол кезде №68 орта мектеп



директоры Шәріпхан Жәкенбай қуанышын осылай жеткізді. («Астана ақшамы», №100, 3 қыркүйек, 2011 жыл).

ТӨРТ ЖОБАНЫҢ БІРІ – «ТҰЛПАР-ТАЛҒО»

«Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағының құрылғанына сол жылы 10 жыл толды. Ұйымның бөлім басшысы Асқар Адамбековтің «Жасампаз мегажоба жаңа мүмкіндіктерге жетелейді» атты сұхбатынан («Астана ақшамы», №100, 3 қыркүйек, 2011 жыл) №1 Индустриалды парк аумағында жүзеге асырылуға жоспарланған жобалар жайлы білеміз. 2011 жылы жалпы сомасы 12,6 млрд теңгені құрайтын төрт жобаның іске асырылуы жоспарланған.

Соның бірі «Тұлпар-Талғо» зауытының тәуелсіздік күніне қарай салтанатты ашылуы болды. Жалпы аумағы – 21 гектар, ал өндірістік орны 31 шаршы метрді құрайтын кәсіпорын жылына 150 жолаушы вагонын шығаруды межеледі. Бұл жоба Испанияның «Патентес Тальго С.П.» компаниясымен бірлестікте іске асты. («Астана ақшамы», №143, 10 желтоқсан, 2011 жыл).

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» – МЕРЕЙТОЙҒА ТARTY

Тәуелсіздік мерейтойына тағы бір тамаша тарту – «Мәңгілік ел» салтанат қақпасы. «Елбасының идеясынан туған нысанды Астана қаласының бас безендірушісі Сағындық Жанболатов пен сәулетші Қанат Қорғанов және Мұрат Мансұров басшылық ететін шығармашылық ұжым мүсіндепті. Кәдімгі классикалық жобада жасалған. Биіктігі – 20 метр. Бұл Қазақстанның Тәуелсіздігіне 20 жыл деген ұғымды білдіреді...» («Астана ақшамы», №146, 20 желтоқсан, 2011 жыл).

ҚОС ТЕАТР ҚУАНЫШЫ

Жылдың соңында Елбасының шешімімен Қ.Қуанышбаев атындағы қазақ музыкалық драма театры мен М.Горький атындағы орыс драма театрына



академиялық мәртебе берілді. Осыған орай Мемлекеттік хатшы Қанат Саудабаев пен Астана әкімі Иманғали Тасмағамбетов өнер ұжымдарымен кездесіп, Тәуелсіздік күнімен және алған атақтарымен құттықтады. Бұл ақжолтай ақпарат та газеттің 20 желтоқсан күнгі санында жарияланған.

«АҚЫЛДЫ ҚАЛАНЫҢ» АЛҒАШҚЫ АДЫМДАРЫ

Smart Astana («Ақылды қала») тұжырымдамасының аясында алғашқы инновациялық жобалардың тұсаукесері №54 мектеп-лицейде өтті. Газет тілшісі Гүлжан Рахман соны сүйіншіледі. «Ақылды қала» – бас қаланың инфрақұрылымын жақсартуға арналған бірегей жоба. Бұл жобаның даму негізіне ақылды экономика, мобильді қолжетімділік, ақылды қоршаған орта, ақылды әкімдік, ақылды тұрғын үй ортасы және ақылды адамдардың

әрекеттесуіне негізделген еуропалық «ақылды» қалалардың даму моделі алынған...» («Астана ақшамы», №148, 24 желтоқсан, 2011 жыл).

ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДҮМПУ

Газет дерегінше, 2011 жылдың 1 қарашасындағы есеп бойынша Астана тұрғындарының жалпы саны 734 443 адамға жетті. Жыл басындағы мәліметпен салыстырғанда, астаналықтардың жалпы саны 37 314 адамға артқан. Қаңтар-қазан айларында 14783 саби туған. Ұлдар – 7625 (51,6%), қыздар – 7158 (48,4%). «Астаналықтар – Қазақстандағы ең жас тұрғындардың бірі болып саналады. Елордалықтардың орташа жасы – 30 жас». («Астана ақшамы», №151, 31 желтоқсан, 2011 жыл).





«БҰЛ ГАЗЕТТІҢ БЕТІНДЕ ТӘУЕЛСІЗДІК ШЕЖІРЕСІ ТҰР»

Елордалықтардың төл басылымы 30 жылдан бері бас қаланың басты жаңалықтарын баспасөзде қаттай отыра оның бай шежіресін жасап келеді. Ақмоладан басталып, Астанаға жалғасқан, ал бүгінде Нұр-Сұлтанға тұрақтаған қала атауы, оның осы үш кезеңдегі даму жолдары да «Астана Ақшамы» газетінің беттерінде анық бедерленді. Қаланың қалыптасып, дамыған, гүлденген жылдары, оның өміріндегі ел тағдырын шешкен ең маңызды оқиғалар елордалық баспасөзде таңбаланды. Басылым 2006-2008 жылдары «Астана хабары» деп аталған еді. Биылғы мерейтойда сол жылы газеттің бас редакторы болған қазақтың белді журналисі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, бүгінде ҚР Сенат депутаты Нұртөре Жүсіппен сұхбаттасқан едік.

– Біршама республикалық газеттерді басқарған мол тәжірибеден кейін елордалық басылымға басшы болып келдіңіз. Сіз келгенде шыққанына 17 жыл болған Астананың төл газетінің жай-күйі қалай болып тұр екен?

– Азғантай уақыт «Астана ақшамы» газетінде бас редактор қызметін атқардым. Ол тұста газет «Астана хабары» деп аталатын. Редакцияның жағдайы онша жетісіп тұрмаған болатын. Бөлім редакторларының айлығы 25 мың теңге көлемінде. Жылдық бюджеті 20 миллион ғана. Сол кездегі Астана қаласының әкімі Асқар Ұзақбайұлы Мамин мырза болатын. Тағайындалғаннан кейін әкімге кіріп, мән-жайды баяндадым. «Мынандай айлықпен жақсы газет шығару мүмкін емес, редакцияның қаржылық жағдайын жақсартпасақ, жақсы мамандар келмейді. Ал білікті мамандарсыз газет қалжыраған күйінде қалады» дедім. Асқар Ұзақбайұлы ұсақ-түйекке бас қатырмайтын азамат, дереу қаржы департаментінің бастығына қоңырау шалды. «Қанша керек?» деді ар жақтағы дауыс. «Кемі 100 миллион болуы керек» дедім. «Төрт есе көбейтіңіз» деді әкім. Сөйтіп, ә дегеннен редакцияның қаржылық жағдайын жақсартып алдық.

– Жалпы, бұл басылымның өзіндік орны, атқарар қызметі туралы не айтар едіңіз?

– «Астана ақшамы» газетіне қалалық газет деп қарайтын түсінік бар. Олай емес. Бұл – астаналық басылым. Елорда – ел саясатын жасайды. Әрине, қаланың тыныс-тіршілігі үнемі назарда болатыны рас. Әйтсе де газеттің саяси салмағы болуы тиіс. Ең өзекті мәселелер осы газеттің бетінде көтерілуі керек. Біз қызмет еткен тұста осындай ұстанымды басты назарға ұстадық. Сол себептен республиканың барлық аймағына іссапармен барып, «Астана ақшамының» тиражын арттыруға күш салдық. Бір жылдың ішінде газеттің республика көлемінде кеңінен таралуына ықпал жасадық. Газетті бұрын тек елорда тұрғындары оқитын болса, енді оны Алматы, Қызылорда, Жамбыл, Шымкент, Атырау, Ақтау, Өскемен өңірінің оқырмандары да оқитын болды. Бұл – біріншіден, ел тұтастығына, екіншіден, газеттің астаналық мәртебесін биіктетуге қызмет еткен шаралар.

– Бұрынғыдан өзгеше

етіп, газеттің бет-бейнесін, мазмұнын өзгертуге қандай жұмыстар атқарылды?

– Әуелі біз газеттің форматын өзгерттік. Сосын түрлі-түсті етіп шығардық. Қаланың күнделікті тірлігін жазып көрсету бір жағы ғана. Алдымен зиялы қауым өкілдерін сөйлеттік. Рухани мәселелерге көбірек орын бердік. Өйткені, адамның рухына көп нәрсе байланысты. Қаланың жай-қала емес, бас қала екені үнемі назарда болды. Редакцияның басшылық құрамына көрнекті журналист, филология ғылымының докторы, ғалым, публицист Бауыржан Омарұлы тартылды, «Қазақстан теміржолшысы» газетінің редакторы Талғат Батырхан орынбасарлық қызметке оралды. Бұрыннан қызмет істеп келе жатқан Ғалым Қожабековтердің қасына жас толқын жиналды. Газеттің жауапты хатшысы қызметіне білікті дизайнер Зәуреш Нұғманова шақырылды. Қаржы-қаражат мәселесін реттеуде журналист Ғалым Омарханов белсене жұмыс істеді. Жас журналистер Нәзира Байырбек, Гүлмира Аймағанбет, Еркеғали Бейсенов, Шынар Досанова жанын сала жұмыс істеді. Газеттің Қытайда және Еуропадағы меншікті тілшілері тағайындалды. Шанхайдан Дэурен Омаров, Прагадан Салтанат Әуесбекова бұрқыратып жаза бастады. Оқырмандармен байланыс жақсарды. Газеттің бет-бейнесі өзгергенін көрген оқырмандар күн сайын редакцияға топырлап келіп жататын. Газетке көрнекті әдебиетші-ғалымдар – Дихан Қамзабекұлы, Серік Негимов, Ханкелді Абжанов, Зиябек Қабылдинов, Әміржан Әлпейісов, Сейітқали Дүйсенов жиі атсалысты. Газетте тек қала әкімдігінің тірлігі жазылып қоймай, Үкімет пен Парламент қабырғасында елдік тұрғыда көтеріліп жатқан мәселелер де жан-жақты жазыла бастады.

«Айтары бар адамдар», «Аталы сөз» айдарлары аясында еліміздегі белгілі саясаткерлердің, қаламгерлердің, өнер қайраткерлерінің мақалалары жарияланды. Сыпыра мақтау емес, сындарлы сын да болды.

– Сол тұста газетте басымдық беретіндей елде қандай маңызды оқиғалар болып жатты?

– Елдегі маңызды оқиғалардың бәрі Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамалары арқылы жүзеге асатын. 2007 жылғы 28 ақпанда Қазақстан Республикасының Президенті

Н. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдау жасады. Ол «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» деп аталды. «Қазақстан – 2030» стратегиясының 10 жылдығы қорытындыланды.

2007 жылғы 18 тамызда өткен баламалы сайлау негізінде Мәжілістің құрамына жалғыз ғана «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы өтті. Қандай оқиға болса да соның бәрі газет бетінде көрсетілді. Газет – шежіре. Сарғайған газет парақтарын кез келген уақытта тауып алуға болады.

– Елордалық басылым болғандықтан көптеген шаралардың ұйытқысы болатын қала әкімдігімен тығыз байланыс орнады. Жергілікті атқарушы органмен жұмыс қалай жүрді, олардан қолдау болды ма?

– Әкімдікпен тығыз байланыста жұмыс істедік. Қала әкімі Асқар Маминге кіріп, «Асқар Ұзақбайұлы, маған ашықтық керек, күні ертең қала тіршілігіне байланысты сын мақала шыға қалса, сіздің орынбасарларыңыз ренжіп, шағымданатын болады. Сондықтан барлығын жинап, «газеттің бас редакторы менімен ғана жұмыс жасайды» деп айтыңыз дедім. Асқар Ұзақбайұлы редакция басшылығын үнемі қолдап отырды. Сонымен бірге газет жұмысын жақсартуға Астана әкімінің орынбасары Ермек Аманшаев та қолғабыс жасап отырды. Департамент бастығы Арын Орсариев та үлкен азаматтық жасады.

Сол тұста газеттің 2007 жылдың 27 наурыз күнгі нөмірі мерекелік сипатта жарық көрді. Бұл күні газеттің 2000-шы нөмірі шыққан еді. Осыған байланысты Астана қаласының әкімі Асқар Мамин, еліміздің әдебиет және өнер қайраткерлері, әріптес ұжымдар атынан құттықтау лебіздерін арнады.

– Бас қаланың қандай басты мәселелерін көрсете алдыңыздар?

– «Қалғмайтын қала» деген мақала жазғаным есімде. Қаланың тыныс-тіршілігін назардан тыс қалдырмадық. «Астананың үстінен қарайтын адамдар» деп краншылар туралы да жаздық. Оның бәрін тізбелеп жатсақ, әңгіме ұзаққа кетеді. Қала әкімінің өзі күнделікті оқып, қарап отырған соң оның орынбасары, көрнекті қаламгер Ермек Аманшаев тікелей қадағалап отырған соң шешілмейтін мәселе болушы ма еді? Газет бетінде көтерілген сын мақалаларға орай дер кезін-

де шешімдер қабылданатын.

– Материалдық жағдайы мен мазмұны байи түскесін редакция жұмысында қиындықтар азайған шығар?

– Кілең «сен тұр, мен атайын» дейтін журналистер жиналған соң ішкі қиындық деген болған жоқ. Нағыз шығармашыл орта қалыптасты. Газетті ойнап-күліп отырып шығаратын едік. Бауыржан Омарұлының «Нүреке, сіз бір жаққа барып келсеңіз дұрыс болар еді, мен ұжымға айбат шегіп алайын» деген сөзін әріптестерім әлі күнге дейін еске алады. Бас редактордың міндеті – журналистерге еркіндік беру, қажетті жерінде қорғау, шығармашыл орта қалыптастыру. Осы тұрғыдан алғанда, ұжым өте ұйымшыл болды.

– Қазіргі таңда бұл басылымды оқып тұрасыз ба? Газетте қандай мәселелер назардан тыс қалып жатыр деп санайсыз немесе қандай тақырыптар орынды көтеріліп отыр?

– Әрине, «Астана ақшамын» оқып тұрамын. «Астана ақшамын» елорда тұрғындарымен қатар өзін көзі ашық, көкірегі ояу деп есептейтін кез келген азамат, әсіресе билік буынында жүрген, мемлекеттік қызмет істейтін замандастарымыз оқуы тиіс. Өзің тұратын қаланың өмірін өз газетің арқылы білмесең, қайдан білмексің?..

– Жалпы, қазіргі қазақ баспасөзі туралы не айтар едіңіз? Сіздің не алаңдатады?

– Қазіргі қазақ баспасөзінің жеткен жетістігі елдің көз алдында. Жетіспейтін тұстарымыз да бар. Өмір болған соң, солай. Қоғам қалай болса, баспасөз де солай болады. Кейінгі жылдары газеттердің тиражы түсіп барады. Бізде «Оқу мәдениеті» деген бар еді. Содан біртіндеп айырылып барамыз. Газет оқу – мәдениет. Кез келген шетелге барыңыз. Не көресіз? Күнде таңертең газет оқып отырған адамдарды жиі ұшыратасыз. Бұл ненің белгісі? Бұл – сол елдердің мәдениет деңгейінің белгісі. Бізге де сондай мәдениет керек.

«Астана ақшамы» газетінің 30 жылдық мерейтойы – қазақ баспасөзінің тойы. Биікке шыққаны құтты болсын! Газет Тәуелсіздікпен тұспа-тұс өмірге келді. Демек, уақыт сұранысынан туған басылым. Бұл газеттің бетінде Тәуелсіздік шежіресі тұр.

– Сізге көп рақмет!

Сұхбаттасқан Райхан РАХМЕТОВА



«ҚАЛАЛЫҚ ЕМЕС, АСТАНАЛЫҚ»

Біз көп жағдайда қалыптасып қалған көзқарас шеңберінен шыға алмаймыз ғой. Үнемі республикалық басылымдарда қызмет етіп қалған мен де 2007 жылы «Астана ақшамы» газетіне тілші болып қызметке тұрғанда бұл газетті онша менсіне қоймаған едім.

Ар жағымда «бұл бар болғаны қалалық газет қой» деген ой тұрған. Бірақ сол тұста газет редакторы болған Нұртөре Жүсіп ағамыз бір жиналыста «бұл қалалық газет емес, астаналық газет» деп, әлгі ойымның күл-талқанын шығарды.

Расында, ойлап қарасақ, әлемнің көп елінің астаналық газеттері қоғамға абыройлы қызмет етіп, әлемдік журналистикадағы айтулы басылымға айналып жатыр екен. Ал біздің елордамыздың негізгі ақпарат көзі – «Астана ақшамы» газеті неге солай болмауы керек?

Осылай еркін, құлшына еңбек еттік. Бас редакторымыз да, редактордың орынбасары, мен үшін қазақ журналистикасындағы ерекше тұлға, ұстаз Талғат Батырхан ағамыз да қолымызды қақтады.

Газет бізге маман ретінде журналистік қабілетімізді, жеке тұлға ретінде шығармашылық мүмкіндігімізді жан-жақты сынауға мүмкіндік берді.

Соның арқасында газеттегі әріптестерім жан сала жұмыс істеп, елордамыздың саяси-экономикалық, рухани және мәдени тұрғыда дамуына ықпал етті деп ойлаймын. Қазір де осы редакцияда шығармашылық әлеуеті жоғары, мықты ұжым қызмет етіп отыр.

Өзім «уақытша қызмет етемін» деп кіріп, 12 жыл бойы тапжылмай еңбек еткен бұл редакция бірталай журналистің өмір жолында үлкен бағамаларға, ерекше жетістіктерге жол ашып берген. Әлі де солай болады деп ойлаймын.

Қазір Нью-Йоркке келіп, осындағы газет пен сайттарды үнемі бақылап, оқып жүрмін ғой. Айтмайын дегенім, қазақ журналистикасы әлемнің озық елдерінің журналистикасынан кем емес.

«Астана ақшамында» да ақпарат көздері ашық, қолжетімді болса, әлемнің озық елдеріндегі мықты журналистермен жарыса жаза алатын талантты журналистер бар. Қоғам, ел дамуы үшін не керекін айтып, сезіп, журналистерге ой салып отыратын мықты басшылар бар.

Бүгінге қазақ журналистикасындағы бір қарашаңыраққа айналған «Астана ақшамы» газетіне және ондағы әріптестеріме табысты, абыройлы қызмет тілеймін!

Назира БАЙЫРБЕК, «Болашақ» бағдарламасының степендиаты

Эпидемиологиялық ахуалы қалыпты болғанмен Қазақстан көршілері мен әлем елдерін сырттай бақылап отыр. Себебі Еуропа аймағында ауру саны күрт артып, ТМД елдеріндегі ауру көлемі 0,5 пайызды көрсетті. Бұл Қазақстандағы көрсеткіштен 5 есе көп. Сондықтан өзге елдер секілді коронавирус инфекциясының болуы ықтимал екінші толқынына дайындық жүруде. Келесі толқынға дайындықпен қатар әлем халқы вирусқа қарсы тұрарлық вакцина жасайды деп күткен ғалымдар еңбегінен не нәтиже бар?



© Райхан РАХМЕТОВА

ВИРУСТЫ ЖЕҢЕР ВАКЦИНАДАН ҮМІТТІ

Вирус таралған сәттен бері әлемнің 100-ден аса елінің ғалымдары жаһандық дертке төтеп берерлік вакцина әзірлеуге кірісіп кетті. Оның алғашқы нәтижелері де жоқ емес. Алайда ол нәтижелердің коронавирустың алдын алуға толық қауқарлы екендігін айтуға әлі ерте.

КӨЗ ЖЕТКІЗБЕЙ ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ

Ресейдің «Спутник V» вакцинасын 35 мыңнан астам мәскеулік салдыруға өтінім берілді. Қазақстан үкіметі ресейлік тараппен дәл осы вакцинаның тиімділігі мен қауіпсіздігіне көз жетсе сатып алуға дайын екендігін білдіріп, алдын ала келісімге қол да қойған еді. Дегенмен бірінші компонент бірден, екіншісі 21 күннен кейін салынатын ресейлік вакцинаның қауіпсіздігіне күмән келтіріп жатқандар да жетерлік.

Вакцина мәселесінде ҚР Денсаулық сақтау министрлігі көптеген өндірушімен, оның ішінде ресейлік те өндірушілермен келіссөз жүргізіп жатыр. Қазақстан вакцинаны жалпы қолдануға ресми тіркелген жағдайда ғана пайдалануға рұқсат береді дейді министрлік өкілдері. Яғни, аталған вакцинаның тиімділігі, қауіпсіздігі тексерілуі тиіс. Сондықтан да елде қолданылатын кез келген вакцина осы процедуралардың барлығынан, клиникалық сынақтың соңғы сатысынан өтуі қажет. Ал жанама әсері немесе тиімділігі дәлелденбеген кез келген вакцина ел аумағына кіргізілмейді.

Бұған қоса британдық Оксфорд университеті мен AstraZeneca жасаған коронавирусқа қарсы вакцина 1 және 2 кезеңде сынақтан сәтті өткенмен, оның соңғы клиникалық сынақтары тоқтатылды. Себебі вакцина Ұлыбританияда салынған адамның біріне кері әсер берген.

Еліміздің ғалымдары да коронавирус инфекциясына қарсы «QazCovid-in» вакцинасын әзірлеп, осы айдың ішінде 244 еріктіге клиникалық сынақ өткізуді жоспарлап отыр. Бұл вакцинаны да Денсаулық сақтау министрлігі жіті назарда ұстауда. Қазақстандық вакцина қазір сынақтың 1-2 фазасына көшіп жатыр.

– Біз бұл вакцинаға үлкен үміт артып отырмыз. Клиникалық зерттеу кезеңдері өткеннен кейін клиникаға дейінгі сынақ кезіндегі тұрақты тиімділігін көретін болсақ, онда аталған вакцина барлық сынақтардан өткен соң Қазақстанда тіркеліп, нарыққа жіберіледі. Сондықтан бұл жұмыстардың барлығын тыңғылықты жүргізіп жатырмыз. Әр вакцинаға барынша жіті қараймыз. Сарапшыларымыз бұл мәселемен айналысып жатыр, – деді ҚР Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой.

РЕСЕЙ ВАКЦИНАСЫН САЛА БАСТАДЫ

Мәскеу қаласы әкімінің әлеуметтік даму мәселелері жөніндегі орынбасары Анастасия Ракованың айтуынша, вакцина салу елде екі кезеңмен жүзеге асырылады. Жақында вакцинаны тіркеуден кейінгі зерттеу аясында Мәскеудің алғашқы тұрғындарына коронавирусқа қарсы екпе салынды. Ракова вакциналауды бастау бүкіл Ресей үшін маңызды екенін айтты.

– Компоненттер құрамында иммунитетті көтеретін белсенді заттар бар. Вакциналау тегін жүргізіледі. Өтінім берушілер саны

күн сайын артып келе жатыр. Бүгінде Мәскеуде коронавирусқа қарсы вакцинаны зерттеу 6 медициналық мекеменің базасында жүргізілуде. Алдағы уақытта олардың саны 20 болмақ. Вакцина салу сынағына 18 жастан асқан, вакциналауға дейін екі апта және ЖРВИ-мен ауырмаған, COVID-19 жұқтырмаған, зерттеуге дейін кемінде екі апта бұрын коронавирус жұқтырған науқастармен байланыста болмаған, Мәскеу ММС полисі бар Ресей азаматы қатыса алады, – деді ол.

Осы апта басында Мәскеуде коронавирусқа қарсы вакцинаны зерттеуге қатысуға өтініш берген

алғашқы еріктілер медициналық тексеруден өте бастады. Тексеру қорытындылары мен талдама нәтижелері бойынша дәрігерлер вакциналауға келетін адамдарды іріктеді. Медициналық қызметкерлер еріктілермен телефон және арнайы мобильді қосымша арқылы немесе телемедициналық технологиялар көмегімен үнемі байланыста болады. Өзін жайсыз сезінген жағдайда ерікті бұл туралы дәрігерге хабарлай алады.

ӘЛЕМНІҢ КӨЗҚАРАСЫ ӨЗГЕРДІ

Дүние жүзі ғалымдары пандемия басталмас бұрын әлемнің 150 елінің соңғы 5 жылдағы вакцинаға қатысты пікірі қалай өзгергені туралы алғашқы ауқымды зерттеу жүргізді. Ол зерттеуді Лондонның гигиена және тропикалық медицина мектебінің (LSTHM) профессоры Хайди Ларсонның жетекшілігімен дәрігерлер мен әлеуметтанушылар тобы жасады. Зерттеу аясында ғалымдар 149 елде 284 мыңнан аса респондентке сауалнама берді. Олар вакциналарды қауіпсіз, тиімді деп санай ма және адамзаттың өмір сүруі үшін маңызды ма деген үш сұраққа жауап берді. Сонда ресейліктердің тек 23 пайызы оларды мүлдем қауіпсіз деп санайтыны анықталған. Осы сауалнамалардың нәтижелерін біріктіре отырып, ғалымдар адамзаттың вакцина тиімділігіне, қауіпсіздігіне және маңыздылығына деген сенімі соңғы бес жылда жаһандық деңгейде өсті деген қорытындыға келді.



Еліміздің ғалымдары да коронавирус инфекциясына қарсы «QazCovid-in» вакцинасын әзірлеп, осы айдың ішінде 244 еріктіге клиникалық сынақ өткізуді жоспарлап отыр. Бұл вакцинаны да Денсаулық сақтау министрлігі жіті назарда ұстауда. Қазақстандық вакцина қазір сынақтың 1-2 фазасына көшіп жатыр

ЖАҢА МҮШЕЛЕР ҚАБЫЛДАУ УАҚЫТША ТОҚТАТЫЛДЫ

Кеше Праймериз өткізу жөніндегі Орталық ұйымдастыру комитетінің отырысында Nur Otan партиясына жаңа мүшелер қабылдауды биылғы 11 қыркүйектен 4 қазанға дейінгі аралықта, яғни дауыс беру аяқталғанға дейін тоқтата тұру туралы шешім қабылданды. Бұл туралы Nur Otan партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Байбек фейсбуктегі парақшасында хабарлады.

«Соңғы кезде бізге жекелеген азаматтардан «өз» кандидаттарына дауыс бергізу мақсатында партияға

мәжбүрлеп кіргізу туралы «арыздар» түсуде. Бұған мүлдем жол беруге болмайды деп есептей-

мін. Мұндай әрбір фактіні түрлі деңгейдегі партиялық бақылау комиссиясы жан-жақты қарайтын болады. Жарғымызға сәйкес партияға мүше болу еліміздің әрбір азаматының ерікті және өзіндік таңдауы болып табылатынын тағы да атап өткім келеді. Праймеризде онлайн-дауыс берудің айқындығын қамтамасыз ету үшін арнайы растау (верификация) жүйесі пайдаланылады.

Жүйенің принципі: Бір дауыс, бір ЖСН, бір мобильді нөмір және бір IP-адрес. Егер осы деректердің бірі сәйкес келмесе, онда адам «праймериз» ақпараттық жүйесіне тіркеле алмайды, яғни дауыс бере алмайды. Мұның барлығы түрлі айла-шарғыға, бұрмалаушылықтарға, сондай-ақ ықтимал жаппай дауыс беруге жол бермеу мақсатында істеліп отыр» деді Б.Байбек.

ТҮЗЕТУ МЕКЕМЕЛЕРІН АРАЛАДЫ

Президент тапсырмаларын орындау мақсатында қоғамдық бақылау тобының мүшелері елордадағы қылмыстық-атқару жүйесі мекемесіне барды.

Қоғамдық бақылау тобы сотталғандардың жазаны орындайтын мекемелердегі жағдайын, медициналық-санитарлық қамтамасыз етілуін, жұмыс, оқу және бос уақытты ұйымдастырудың шарттары тұрғысынан олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуде қоғамдық мониторинг жүргізу үшін құрылады. Осы мақсатта қоғамдық бақылау тобының мүшелері елордадағы ЕС-166/10 минималды қауіпсіздік мекемесіндегі сотталғандардың тұратын бөлмелері, кітапхана қоры, үй-жайларында болып, сотталғандардың жеке сұрақтары бойынша қабылдау өткізді. Сондай-ақ елордалық тергеу изоляторының кеңсе үй-жайларының қызметімен танысып, монша мен кір жуатын кешен, дәріхана, асхана, тергеу бөлмелері, құрама бөлім мен бейнеконференц-залды аралады.

Өз басым бұл жердегі жұмыстардың оңтайлы жүргізіліп жатқанын атап өткім келеді. Негізі департаменттің күш-жігерінің арқасында арнайы контингент арасында коронавирустық инфекцияның жаппай таралуын болдырмауға болады. Өкінішке қарай, қызметкерлердің көпшілігі өздері ауырып қалды, бірақ соған қарамастан олар мекеме ішінде ауру таралуының алдын ала білді, ол үшін рақмет, өйткені сотталушылардың туыстары алаңдайды, әсіресе, карантин жағдайында уақытша ұстау орындарында жеке қабылдауларға шектеу болғаны белгілі. Осы орайда мекеме басшылығына жұртшылықпен кері байланыста болғаны үшін алғыс айтқым келеді, осында болған адамдармен сұхбат барысында біз олардың құқықтарының бұзылуына жол берілмейтіндігіне көз жеткіздік.

Пандемия кезінде ұзақ уақыт бойы қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері бәріне «жабық» болды, кездесулер онлайн форматта өткізілді. Шектеу шараларын кезең-кезеңімен азайту туралы Қазақстан Республикасы Бас санитарлық дәрігерінің қаулысына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға байланысты қоғамдық бақылау тобы мүшелері мекемелерде санитарлық-эпидемиологиялық шаралардың сақталуын, мекеме ішінде індеттің таралуын болдырмауға бағытталған шараларды қадағалады. Сондай-ақ тергеу изоляторы жағдайының мониторинг фронт-офис үйінен басталды, оның қызметі карантин кезінде де жұмыс істеді, сәлемдемелер мен жіберулерді қабылдады. Департамент басшылығымен бірге санитарлық-эпидемиологиялық шараларды сақтау, арақашықтықты сақтау, бетперде кию туралы әңгімелесулер өткізіліп, тергеу изоляторында қамауда отырғандардың туыстарына мекеме ішінде бақылау жүргізілгендігі, мекеме әкімшілігі арнайы контингент құқықтарының үнемі бақылауында екендігі туралы ақпарат берілді. Мекеме ішінде экскурсия жүргізіліп, тергеу амалдары бойынша қамауға алынғандардың құқықтардың бұзылуын анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді, оған сәйкес шағымдар мен арыздар түскен жоқ.

Бұл сапар Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің ашықтығын көрсететін бастама ретінде ұйымдастырылды, осындай іс-шара ЕС-166/5 мекемесіне де жоспарланған.

Марат САТАРҚҰЛОВ,
қоғамдық бақылау тобының мүшесі

ӨЛШЕМДІ ӨЗГЕРТЕЙІК



Осыдан бірнеше жыл бұрын тәжік ағайындардың еліне бардық. Несін айттайын, «қазақон» бауырлар келді деп құшақ жая қарсы алды. Дастархан жайып әрқайсымыздың жағдайымызды сұрап, құрақ ұшып жүрді. Ықыластарына-ақ тойдық. Палауы келді, шурпасын іштік, жеміспен тоқ басып, көк шәйімен бір терлеп алдық.

© Айгүл УАЙСОВА

Біздің хабарымызды естіп, соңынан келіп жатқандарда есеп жоқ. Дастархан басы толы көр-

шілері мен ағайын-туыстары. Байқағаным, әрқайсысы шүберекке орап тандыр нанын ала келеді екен, қасында бір уыс дәні, жемісі тағысын басқа дәмі бар. Алып

келгенін ортаға жайып салып, әрқайсысы нан ауыз тиіп жатыр. Кезекпен сөйлеп, өздерінің жайын айтып, біздің жағдайды білді. Тіпті біздерді өзмісінген үй иесі қызына жасап жатқан жасауын да көрсетті. Осы отырыста тек өздерінің ғана емес, бүкіл ауылдың, елдің барлық жағдайына қандық.

Қонақ аз сөйлеп, көп сынайды ғой. Өзіміздің өлшемге салып отырмын. Мейман келеді дегеннен шала бүлінеміз, дастарханды жайнатып қойып, аста-төк ет болмаса қонағымызды ренжітіп алатындай көреміз. Ол келгенде жапырып жемесе тағы да ойланып қаламыз. Ақырында емен-жарқын әңгіме жайына қалып, аузымыз астан босамай бастыра жеп, асқазанымызға ауырлық түсіп, отырыстан «қиналып» қайтамыз. Асы бар, құдай тамағы бар тағысын басқа отырыстардың ортақ сценарийі осы. Сосын халқымыздың дені семіздікке, артық салмақты деп зар қағамыз. Диабет, қан қысымы осы семіздіктен болады. Әсіресе, жасы егде азаматтарымыздың аты жаман індеттен тез өліп кеткені осы өмір салтымыздан деуге де болады.

Міне, қонақтың ауырлығы. Үй иесі қонақ келді дегеннен дамыл таппай, шаршаса келген қонақ та күпті болып қиналады. Қонағының көңілін аулауға үй иесінің әл-дәрмені де қалмайды. Жеген тамағымызға рақмет айтып ке-

теміз. Осының бәрі не үшін?! Аш отыр деп айтпасын деп пе, әлде ықылас-пейілімізді көрсетудің басқа амалы қалмағандық па?!

Мен де білмеймін. Расында да қонағым келгенде дастархан толып тұрмаса, өзім де қысыламын. Өзгеге қонаққа барғанда дастархан толып тұрмаса тағы қомсынамын. Несіне жасырайық, басқаларыңыз да осылай ойлайсыз. Алайда өлшемді өзгертетін уақыт келген жоқ па?!

Қонақ күту салтын қайта қарап, оның денсаулыққа салмақ түсірмейтіндей, үй иесінің де уақытын алмайтынды етіп, сағынып кездескендердің жайдары сұхбатына айналдыруға болмай ма?! Әлде бұл мол жайылған дастарханымыз кең көңіліміздің емес, «сорпа-су, сүйек беріп сүйдірмектің» бір жолы ма?! Құрметімізді білдірудің басқа салты қазақы дәстүрімізде болмаған ба? Сұрақ көп. Жауабын өздеріңізден күтеміз, қадірлі оқырман.

Тағы «қазақон» бауырларымыз деп қарсы алғандардың көңіліне риза болғанымды айтайын. Қонуға жатқанымызда үй бикесі бір шәугімді демдеп, қасына кесесін төңкеріп бас жағымызға әкеп қойды. Түнде ішуге су іздеп қиналмаңыздар дегені екен. Бұны ойымызға келмейтін қамқорлықтай көрдім. Артық жеген етімді қорыту үшін литрлеп «кола» ішеті біздерге, ет бермесе де көрші ағайындардың шөл басу үшін алып келген көк шәйі тәтті әрі адал көрінді...

Біздің көше. Ұлт мақтанышының атымен аталатын көше. Сол көшенің бойында екі тілді жарнама. Орысшасы – таза, қазақшасы – шала.

БІЗДІҢ ҚАЛАДАҒЫ ТІРШІЛІК

Біздің аялдама. Өңкей өзіміз: темекі тұтатқан ер адам, бала жетектеген әйел, телефон ұстаған қыз, бір-бірімен қалжыңдасқан жастар. Бірақ бәрі басқа тілде сөйлейді.

Біздің кинотеатр. Көрсетілімде шетелдік фильмдер. Өз тілімізде сөйлеп жатқан кино жоқ. Өзіміздің режиссер түсірген бір ғана фильм бар екен. Рольді сомдаған да қазақтар. Алайда тілдері – аралас, дүбәра.

Біздің мейрамхана. Ас мәзірі келді. Екі тілде – орыс және француз. Даяшы – өзіміздің азамат. Бірақ ана тілін білмейді.

Біздің кітап дүкеніміз. Жүздеген мыңдаған кітап – орыс тілінде, онға жетер-жетпесі ғана – қазақ тілінде. Оқымайтын, жазбайтын, ойланбайтын ел сияқтымыз. Ұлтымыз оянбаған, жаңармаған, дамымаған сияқты боп көрінеді.

Біздің телеарна. Ойын-күлкі, ән мен би. Орысша бұлбұлдай сайраған, ал қазақшаны ежелеп оқыған ақ жағалылар. Ана тілін менсінбеген бейбақтар. Кино. Сериал. Айтыс-тартыс. Сосын қайтадан ойын-күлкі, ән мен би.

Біздің тұрмысымыз. Шетелдік бұйымдар. Өзге тілде сайраған заттар. Жат жұрттық киім-кешек. Жеген асымыз ғана, онда да...

ТІЛ

Түрік ағайындардың жиі айтатын бір күлкілі әңгімесі бар:

Қара теңіздің жағалауында туған Темел бір күні Лондонда тұратын Жамал досына қонаққа келіпті. Үйге кіріп, жайғасып болған соң, одан досы:

– Сен ағылшын тілін білмейсің ғой, мұнда жеткенше қатты қиналған шығарсың? – деп сұрапты. – Жоғ-ә, – депті сонда Темел. – Ұшақтан түскеннен осында жеткенше ағылшындардың өздері қиналды ғой...

Әзіл де болса, рас!

Түрік ағайындар өздерінің ана тілінде сөйлеп, бүкіл дүние жүзін аралап жүре береді. Керек болса, табыс та табады.

Ал біз ше, көршінің тілі, туысқанның тілі, қонақтың тілі (Құдай-ау, тағы қандай тіл бар еді?) деп, жалпақшешей болып, бәрін меңгеруге тырысамыз. Шетелде өз тілімізде сөйлеуді былай қойғанда, өз елімізде шетелде жүргендей күй кешеміз.

Өзгенің тіліне алаңдамай, өз тілімізде сөйлеп өмір сүрсек қалай болар екен, а?..

Төрт тілді меңгерген, әрине, біз үшін де қызық...

Мәлік ОТАРБАЕВ

ИСЛАМҒА ЖАТ ӘРЕКЕТ ҚОЙ

Жуырда жаңалықтар таспасынан «Нұр-Сұлтан мен Алматыда еліміздегі алғашқы крематорийлер салынады» деген жаңалықты көріп, жағамды ұстадым. zakon.kz сайты: «Нұр-Сұлтанда биыл крематорий салып, пайдалануға беру жоспарланған. Оның құрылысына 1 млрд 519 млн 285 мың теңге бөлінді» деп дүйім жұрттан сүйінші сұрапты. Әділет министрлігінің баспасөз қызметі бұл ақпаратты растап төтенше жағдай кезеңінде мемлекеттік комиссия тарапынан екі үлкен қалада крематорий салуға бюджеттен қаражат бөлуге пәрмен берілгенін хабарлады.

© Төлен ТІЛЕУБАЙ



Қош делік. Мәйітті өртеуге будда, христиан дінінде рұқсат етіледі. Еуропа елдерінде мұндай салт бұрыннан бар. Алайда ислам шариғатында мұсылманның денесін өртеуге болмайды. Ұлық пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа с.ғ.с. адам түгілі қандай да бір жәндікті отпен жазалауға болмайтынын ескертіп, хадистерінде айтты емес пе?! «Өлген адамның сүйегін

сындыру – тірі адамның сүйегін сындырғанмен тең» деген хадисті бәріміз білеміз ғой. Демек, біздің дініміз бойынша, өлген адамды өртеу – мәйітті аяусыз қорлау, азаптау болып табылады.

Ол ол ма, атам қазақтың дәстүрінде қабірді құрметтеу деген бұрыннан келе жатқан әдеп бар. Бейітке қарап қолын шошайтпайтын қазақ марқұм болған

мұсылманға ерекше құрметпен қараған. Шариғат бойынша, қайтыс болған адамның денесін жер қойнына тапсырады. Өлген адамды өртеу – исламға жат. Олай болса, крематорий салу деген – дінімізге, салт-дәстүрімізге кереғар. Меніңше, мұндай мемлекеттік мәселе әуелі қоғамның, халықтың ой-пікірін, ұстанымын біліп, ескеріп барып қана шешілуі тиіс. Қазақстан мұ-

сылмандары діни басқармасы да бұған нақты, тура ұстанымын білдіруі қажет.

Әсіреліншілдер өлген адамды өртеу өркениеттің белгісі деп санайды. Сонау Еуропа мен АҚШ-та мәйітті өртеу – адамды жерлеудің ең арзан тәсілі. Ал Қазақстанда 500 000 теңге төлеп, мәйітті Ресейдің Новосібір және Барнаул қалаларына апарып жүргендерге не дейміз?!



Биыл Қазақстан Республикасының әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы мемлекеттік сыйлыққа үміткер ретінде әріптесіміз, тарих ғылымдарының докторы, профессор, академик Ерлан Сыдықов «Абайдың тұлғалық айналасы және дәуір сабақтастығы» деген ортақ атпен ғылыми еңбектер топтамасын ұсынғаны жұртшылыққа мәлім.

Ерлан Бәтташұлы - тарихшы-ғалым және жоғары мектеп басшысы ретінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың стратегиялық мағынадағы «Мәдени мұра» мен «Халық тарих толқынында» бағдарламаларының ғылыми тұрғыда жүзеге асуына белсене қатысқан қайраткер азамат. Қоғамға соны серпін берген Елбасының мемлекеттік бағдарлама санатындағы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» мақалаларында идеялардың негізінде гуманитарлық бағыттағы ғылыми жобаларға республикалық деңгейде ғылым-басшы ретінде бастама жасағанын білеміз.

Е.Сыдықовтың Тарихшылардың ұлттық конгресінің жетекшісі ретінде елімізде тарихқа деген жаңа мазмұндағы көзқарасты қалыптастыруда және жаңашыл ізденістерге негіз салудағы еңбегі де зор. Ғалымның авторлық көзқарастары мен тұжырымдары отандық тарихқа деген жаңа санаттағы қызығушылықты, біліктілікті, белсенділікті жаңа деңгейге көтерді.

Тарихшы ретінде Ерлан Бәтташұлы - ұлт тарихында айырықша орын алған тұлғалар туралы өзектілігін еш уақытта жоғалтпайтын монографиялар, ғылыми-танымдық мақалалар және құжаттық жинақтар авторы екені әріптестерімізге мәлім. Ерекше айтарымыз, ол отандық ғылыми кеңістікте тарихи тұлғатанудың негіздемесін қалыптастыруға атсалысты. «Шәкәрімтану» ғылыми кешені арнасында атқарылған көпқырлы ғылыми-танымдық еңбектері және азаматтық қызметі - соның жарқын дәлелі.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы

Қазақстан» және «Абай - рухани реформатор» мақалаларында ұлы ақын мұрасының қоғамымыз үшін маңыздылығы, ұлттығымыз бен мемлекеттігіміздің өркендеуіне тигізер ықпалы ерекше айтылды. Әсіресе, руханиятымыз бен мәдениетіміздің жаңа мазмұнға ие болуында Абай болмысының қадір-қасиеті айырықша екені де ешқеленді.

Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы қарсаңында Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасымен Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанынан «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институты құрылды. Ерлан Сыдықов «Абай академиясы» ғылыми жобасын батыл қолға алып, «абайтану» ұғымына жаңа ғылыми мазмұн беруге кірісті. Академияның іргелі ғылыми бағыты - мемлекеттік рухани бағдарламалар аясында Абай мұрасын заманауи даму үдерістерімен сабақтастықта зерделеу, зерттеу, насихаттау, танымал ету ұйғарылған. Қоғамда игі қызығушылық тудырған бұл жобаның алғашқы басылымдары кітап түрінде жарыққа шығып, оқырман қолына да тиді.

Ұлттық санаттағы жобаның ғылыми жетекшісі болуға Ерлан Бәтташұлының ұзақ жылдарғы ғылыми ізденістері мен еңбектерінің нәтижесі оң ықпал етті. Ғалымның Құнанбай мен Абай дәуірі және оған ұласқан Алаш пен Шәкәрім заманына қатысты іргелі зерттеулері ғылыми қауымнан оң бағасын алды. Осы еңбектердің бір шоғыры Абай Құнанбайұлы тұлғасымен және оның шәкірттері заманымен тығыз байланыста сабақтастырылуы - тарих ғылымы тұрғысынан алғанда да және ұлттық тұлғатану тұжырымдамасы контексінде де

әбден орынды деп пікір түйеміз.

Ұлтымыздың біртуар данасы Абай Құнанбайұлының тұлғалық айналасы бүгінгі күні үлкен мәдени құбылыс ретінде қабылданады. Ақынның әкесі Құнанбай Өскенбайұлының қайраткерлік өр тұлғасы, немере бауыры Шәкәрім Құдайбердіұлының зерек шәкірттігі, ақындығы мен ойшылдығы, алты алашқа мәлім арыстардың ізі қалған Семей қаласы, Алашорда үкіметі мен оның саяси-әкімшілік орталығы - Алаш қаласы Абай айналасынан бөліп қарау мүмкін емес.

Міне, осы арнада ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Ерлан Сыдықовтың ұзақ жылғы жүйелі және ғылыми ізденісті жұмыстарының нәтижесінде жарияланған 2008 жылғы «Шәкәрім» тұлғалық энциклопедиясы мен «Шәкәрім және Алашорда» ғылыми-танымдық кітабы, 2010 жылғы «Алаш қаласының тарихы» атты монографиясы, Мәскеудегі әйгілі «Молодая гвардия» баспасының «Жизнь замечательных людей» (ЖЗЛ) сериясымен орыс тілінде шыққан 2012 жылғы «Шәкәрім» ғұмырнаамалық кітабы және 2019 жылғы «Құнанбай» тарихи-мемуарлық кітабы отандық тұлғатану

ғылымына зор жаңалық болып енуі - заңды құбылыс.

Ғылыми орта мен оқырман қауымының ынтасын арттырған бұл кітаптар жаңа пайда болған деректер және жаңашыл методологиялық ұстанымдар тұрғысынан қайыра толықтырылып, екінші мәрте басылым көрді. Осы еңбектердің бәрін бір арнаға түсірген тақырып - ең алдымен, Абай айналасының өзара заманауи байланыстығын тұлғаландыру; екіншіден, тарихи кезеңдегі ұлт-азаттық идеясы жолындағы ұлт зиялыларының қайраткерлік келбетін айшықтау және олардың ұлт үшін сындарлы замандағы тағдырларын тарихи деректермен дәлелдер едік. Сонымен қатар гуманитарлық ғылымдар контексінде авторлық көзқарастар, пайымдаулар мен тұжырымдар, жаңа ғылыми ізденісті зерттеулерді жүйелендіру де бар. Ең салмақты дүние, ол қазіргі тәуелсіз Қазақстан елі азаматтарының тарихи санасын қалыптастыруда, отансүйгіштікке баулуға, тағылым-тарбиелік мәні зор ғылыми-танымдық жұмыстар атқарудың бастамасына ұласқан үдерістер деуге толық негіз бар.

Е.Сыдықовтың 2020 жылғы ғылым саласындағы мемлекеттік сыйлыққа «Абайдың тұлғалық айналасы және дәуір сабақтастығы» атты тақырыппен ұсынған еңбектер топтамасы ішіндегі сүбелі еңбек - ақын, ойшыл хәм ұлтшыл тұлға Шәкәрім Құдайбердіұлына арналған тұлғалық энциклопедиясы. Ерлан Бәтташұлы осы қомақты еңбек идеясының авторы болумен бірге негізгі бағытының әрі редакторы, әрі ғылыми жүйелеушісі, үйлестірушісі болғанын айта кеткен орынды. Бұл энциклопедия мән-мағынасы мен мазмұны жағынан өзіндік ерекшеліктері мол еңбек болып саналады. Шәкәрімдей жеке тұлғаға арналған ізденісті жұмыстар нәтижесінде ғылыми мазмұны бай, құрылымдық үлгісі аса мағыналы, ақынның бар тарихи болмысын бүгінгі зайырлы және интеллектуалды қоғамға мейлінше ұлттық өрлеу мәнін беретін және оның жарқын болашағына кедергі келтіретін қайшылықты жағдайларды болдырмауға терең ой салатын энциклопедия дүниеге келді.

Академик Е.Сыдықов ғылыми редакциясын басқарып, жүйеленген «Шәкәрім» энциклопедиясы 2008 жылы жарық көріп, 2019 жылы толықтырылып басылған. Ұлы Абайдың тұлғалық айналасын тарих тұңғығынан тартып көрсететін «Шәкәрім» энциклопедиясы - жеке ақынның ғана емес, бүкіл халқымыздың рухани өмірінің шежіресі іспетті ауқымы зор еңбек. Осындай ірі әрі кешенді еңбекті ғылыми тұрғыда жүйеленген, тұжырымдамасын түзіп, қалың оқырман қолына дейін апарған - академик, тарих ғылымдарының докторы, профессор Ерлан

Сыдықов. «Шәкәрім» энциклопедиясы - ғалымның абайтану мен шәкәрімтануға қатар қосқан зор үлесі және іргелі зерттеулерінің бір биік белесі деп қабылдаймыз. «Шәкәрім» энциклопедиясы ақынның барлық мұрасын толық қамтығанымен, оны әлемдік руханият биігіне көтеруімен құнды және осы тектес басылымдар ұлт пен мемлекет тарихында айырықша орны бар тұлғаларды танып-білудің және олардың қадір-қасиетін қастерлеудің бірден-бір үлгісі десек, ақиқаттан алшақтамаймыз. Өйткені біздің бүгінгі даму жолымызда кемелдіктің темірқазығы Шәкәрім тұлғасы алдымыздан жарқырай көрінеді.

Абай дәуірі, оның тұлғалық болмысына, идеялық мұрагер-шәкірттерінің қайраткерлік өмірі мен тағдырына және Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметіне қатысты ғылыми-танымдық шығармашылық жұмыстар біршама қорланып, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде орын алып жатыр, оның үстіне әр ғалым бұл тақырыптарды жаңа қырынан қарайтыны мәлім. Ерлан Сыдықовтың «Абайдың тұлғалық айналасы және дәуір сабақтастығы» атты ортақ тақырыптағы еңбектері Абайдың тұлғалық төңірегін кешенді санатта жаңаша зерттеген еңбек ретінде әлемдік гуманитарлық ғылымдар саласының мамандарына және талғампаз оқырманға өтеқажетті деп ойлаймыз. Тарихшы кең көлемдегі тарихнамалық базаны игере отырып, әрбір кітаптық мақсат-міндетіне орай тақырыптық арнада жазылған ғалымдардың еңбектерін сараптамалық талдаудан өткізу арқылы орынды қолданған. Ғылыми ортада тарихи дәйектілік, қарымды пайымдаулар, батыл тұжырымдар және идеялар сабақтастық эволюциясын айқындай білу айырықша құнды. Шетелдік және отандық ғалымдардың Е.Сыдықовтың кітаптарына жүгінетіні де сондықтан. Ғалымның Абайдың айналасына қатысты жан-жақты кеңістіктерді қамтыған зерттеулерін отандық ғылымның үлкен нәтижесі деп қабылдаймыз.

Қорыта айтқанда, ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Ерлан Сыдықовтың «Абайдың тұлғалық айналасы және дәуір сабақтастығы» атты ортақ тақырыпта ұсынған «Шәкәрім» энциклопедиясы, «Шәкәрім және Алашорда», «Алаш қаласының тарихы», «Шәкәрім», «Құнанбай» кітаптарының топтамасы Қазақстан Республикасының әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлығын алуға лайықты деп, пікірімізді түйіндейміз.

Қадыр АХМЕТОВ,
Еуразия гуманитарлық институтының проректоры,
тарих ғылымдарының докторы, профессор



Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы қарсаңында Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасымен Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанынан «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институты құрылды. Ерлан Сыдықов «Абай академиясы» ғылыми жобасын батыл қолға алып, «абайтану» ұғымына жаңа ғылыми мазмұн беруге кірісті. Академияның іргелі ғылыми бағыты - мемлекеттік рухани бағдарламалар аясында Абай мұрасын заманауи даму үдерістерімен сабақтастықта зерделеу, зерттеу, насихаттау, танымал ету ұйғарылған. Қоғамда игі қызығушылық тудырған бұл жобаның алғашқы басылымдары кітап түрінде жарыққа шығып, оқырман қолына да тиді

2476	СА- ЛИМ- ЖАН	КУА- НЬЫШ	АМАН- ГЕЛЪ- ДИНО- ВИЧ	27.01.2010	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
2477	АХМЕ- ТОВ	ФА- ЛЫМ- ЖАН	СА- ГИТ- УЛЫ	27.01.2010	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
2478	АҚТА- ЕВ	АДЛЕТ	РЫ- СКА- ЛИЕ- ВИЧ	27.01.2010	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
2479	КАЛИ- ЕВА	ДИНА- РА	ЕСЕН- ЖО- ЛОВА	28.01.2010	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
2480	ДО- СТЫ- ГАЛИЕ- ВА	АСЕМ- ГУЛЬ	ЕЛЕ- МА- НОВ- НА	28.01.2010	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
2481	ДОН- БАЕВА	ДА- НАШ	ЕР- ГЕШ- БАЕВ- НА	28.01.2010	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
2482	ШАГА- ТАЕВА	АЙНА	СОВЕ- ТОВНА	28.01.2010	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
2483	АХМА- ДИЕВА	ҚҰРА- ЛАЙ	ПЛЕУ- БЕРДІ- ҚЫЗЫ	29.01.2010	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
2484	МЫР- ЗАБАЙ	ФА- ЛЫМ- ЖАН	РАХ- МЕ- ГОЛ- ЛАУЛЫ	29.01.2010	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
2485	ГАЕЦ- КИЙ	ПА- ВЕЛ	ПАВ- ЛО- ВИЧ	29.01.2010	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар

(Жалғасы бар)

НҮР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

Нұр-Сұлтан қаласы

26.08.2020

№529/71-VI

«Нұр-Сұлтан қаласының аумағында тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 26 қыркүйектегі № 430/55-VI шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 7-бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңының 27-бабына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. «Нұр-Сұлтан қаласының аумағында тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 26 қыркүйектегі № 430/55-VI шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1247 болып тіркелген, 2019 жылғы 7 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі облысының / қаласының Әділет департаменті Нормативтік құқықтық акті 07.09.2020 Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №1287 болып енгізілді

НҮР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2020 жылғы қыркүйектің үшінші онкүндігінде өтетін Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының кезекті сессиясының қарауына «Табиғи және техногендік сипаттағы Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою, елордада өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша Нұр-Сұлтан қаласының төтенше жағдайлар департаментінің атқарып жатқан жұмыстары туралы» мәселе енгізіледі.

Осы мәселе бойынша ұсыныстарыңыз бен ескертпе-

бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты сессиясының төрағасы

3. Жүсіпова

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты хатшысының м.а.

М. Шайдаров

НҮР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

ЖОБА

Қазақстан Республикасының Жер кодексінде белгіленген нормаларға сәйкес тұлғаға тиесілі болмайтын жер учаскесіне құқықтарды қайта ресімдеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексінің 23, 66-баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңы 27-бабы 1-тармағының 1-13) тармақшаларына, «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Жер кодексінде белгіленген нормаларға сәйкес тұлғаларға тиесілі болмайтын жер учаскелеріне құқықтарды қайта ресімдеу қағидалары бекітілсін.

2. «Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Нұр-Сұлтан қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін жіберілуін;

3) осы қаулыны оны ресми жарияланғаннан кейін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің интернет-ре-

сурсында орналастырылуын;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде аумақтық әділет органына осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А.Көлгінов

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Н.Нұркенов

«Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік құқықтық бөлімінің басшысы Ж.Шәукентаев

«Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Н.Ұранхаев

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы «__» _____ № _____ қаулы жобасына қосымша

Қазақстан Республикасының Жер кодексінде белгіленген нормаларға сәйкес тұлғаға тиесілі болмайтын жер учаскесіне құқықтарды қайта ресімдеу қағидалары

1. Қазақстан Республикасының Жер кодексінде белгіленген нормаларға сәйкес тұлғаларға тиесілі болмайтын жер учаскелеріне құқықтарды қайта ресімдеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) жер учаскесіне тиісті құқықты қайта ресімдеу туралы өтінішті (өтінімді) қарауға қабылдау;

2) уәкілетті органның Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 23-бабына сәйкес тұлғаның алынған құқықты иелену мүмкіндігін айқындау;

3) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 66-бабына сәйкес жер учаскесіне құқықты қайта ресімдеу туралы қаулы қабылдау;

4) уақытша (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді) өтеулі (өтеусіз) жер пайдалану шартын жасау;

5) жер учаскесіне сәйкестендіру құжатын дайындау және беру.

2. Қазақстан Республикасының Жер кодексінде белгіленген нормаларға сәйкес оған (тұлғаға) тиесілі болмайтын жер учаскесінде құқықты алған тұлға Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес сондай субъектіге тиесілі болатын жер құқығына құқық түрін қайта ресімдеу туралы өтініш береді. Өтінішке жер учаскесіне құқықты алуды растайтын құқық белгілейтін құжаттардың, сәйкестендіру құжаттарының көшірмелері және жер учаскесіне жеке меншік құқығынан бас тарту туралы жер учаскесі меншік иесінің нотариалды куәландырылған жазбаша өтініші қоса беріледі.

3. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес сондай субъектіге тиесілі болатын жер құқығына құқық түрін қайта ресімдеу туралы Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі қаулысының

жобасын дайындайды. Бұл ретте уақытша жер пайдалану мерзімі үш жыл болып белгіленеді (егер жобалау-сметалық құжаттамада бұдан ұзақ мерзім көзделмесе), кейіннен жаңа мерзімге шарт жасасу Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 37-бабымен реттеледі.

Құқық түрін қайта ресімдеуден бас тарту Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің қаулысында ресімделеді және ол уәжді болуға тиіс. Қазақстан Республикасының Жер кодексінде белгіленген нормаларға сәйкес тұлғаларға тиесілі болмайтын жер учаскелеріне құқықтарды қайта ресімдеу туралы өтінішті қараудың жалпы мерзімі ол келіп түскен сәттен бастап он жұмыс күніне дейін құрайды.

ОТБАСЫЛАРДЫ БІРІКТІРУ: ПСИХОНЕВРОЛОГИЯЛЫҚ МӘМ-НІҢ БАЛАЛАРЫ ҮЙЛЕРІНЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Қазіргі уақытта біздің елімізде мемлекет тарапынан отбасына және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға ерекше көңіл бөлінеді.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Нұрлы жүрек» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы 3 жастан 18 жасқа дейінгі стационар жағдайында және 3 жастан 18 жасқа дейінгі және одан жоғары жастағы балаларға жартылай стационарлық бөлімше жағдайында әлеуметтік қызмет көрсетуге арналған. Орталықтың міндеттері – балалардың мүмкіндіктерін барынша дамыту, оларды оңалту және қоғамда әлеуметтендіру. Бірақ біздің орталықтың және Мемлекеттік әлеуметтік саясаттың басты мақсаттарының бірі – баланы әлеуметтік мекемелерден қандас отбасына қайтаруға және жақындарына қайта қосылуға мүмкіндік беретін жағдай жасау. Бұл психоневрологиялық диспансердің қабырғасында тәрбиеленетін бала үшін маңызды. Орталықтың жұмысы кезінде 106 тәрбиеленуші қандас отбасыларына қайтарылды. Бұл біздің қызметкерлердің үлкен және жемісті жұмысы, олар балаларды отбасыларымен және олардың жақындарымен біріктіру үшін үлкен жұмыс жасады. Баланы өз деңгейіне сай орталыққа кірген кезде бала мен ата-ана арасындағы байланысты орнату және қалпына келтіруге ынталандыру өте қиын. Балаларды өз отбасыларына қайтару бойынша мекеменің іс-әрекеттері ең алдымен, баланың мүдделеріне сай келеді. Оқушылардың көпшілігінде ата-аналар, әдетте, шектеулі немесе ата-ана құқығынан айырылған. Көбінесе отбасылар балаларын тәрбиелеуге қабілетсіз болады, өйткені олар оны қаламайды, бірақ олар өмірлік қиындықтарды жеңе алмайтын жағдайға тап болады (жұбайының қайтыс болуы, жұмысынан айырылу, әр түрлі тәуелділіктер).

4. Уақытша (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді) өтеулі (өтеусіз) жер пайдалану шартын уәкілетті орган Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес сондай субъектіге тиесілі болатын жер құқығына құқық түрін қайта ресімдеу туралы қаулысы негізінде Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің қаулысы қабылданған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде жасайды.

5. Жер учаскесіне сәйкестендіру құжатын дайындауды және беруді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік жер кадастрын жүргізетін Мемлекеттік корпорация жүзеге асырады.

М. ШАЙДАРОВ,
Нұр-Сұлтан қаласы
мәслихаты хатшысының м.а.

Нұр-Сұлтан қ. мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 04.09.2020 ж. ұйғарым бойынша «Eurasian trade company» (БСН 151040015802) жауапкершілік шектеулі серіктестігінің банкроттық туралы ісін қозғады. Уақытша басқарушы - Смаилов Кабибулла Камысбекович (Нұр-Сұлтан қ., Қосшығұллы көш., ул. Қосшығұллы, 13/1, ВП-4, тел.: +7 775 159 2654).



«МЕН ҚАЗАҚША СӨЙЛЕЙМІН!»

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасына қарасты «Руханият» орталығының бастамасымен қыркүйек айы «Тіл фестивалі» болып жарияланды. Осы игілікті шара аясында «Мен қазақша сөйлеймін!» акциясы ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында акцияның арнайы белгісі бар футболка мен кепка киген еріктілер қала тұрғындарын мерекемен құттықтап, Қазақстан халқы тілдері мерекесі туралы дайындалған материалдарды қоғамдық орындарда таратып, түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Шара «Бәйтерек» маңындағы бульвардан басталды. Сонымен бірге еріктілер елордадағы Ботаникалық саябақ, астаналық арбат және Хан-Шатыр сауда, ойын-сауық орталығында болып, Тіл фестивалінің бағдарламасы мен құттықтау сөзі жазылған төрт бұрышты фото рамка қойып, адамдарды естелік суретке түсірді. Одан кейін аталған шара шаһардағы бірқатар сауда орталықтары мен теміржол және әуежай ғимараттарында жалғасын тапты.



АНАЛАРДЫ АРДАҚТАДЫ

Елордадағы Достық үйінде Отбасы күніне арналған «Мама» деген фотокөрме ашылды.

Қазақта «Жұмақтың кілті ананың табанының астында» деген қанатты сөз бар. Осы бір ауыз сөзге ананы қадірлеу, аялау, құрметтеу деген ұғымның бәрі сыып кетеді. Кез келген отбасының берекесі – ана. Сондықтан да отбасылар күніне орай ұйымдастырылған фотокөрмеде көп балалы аналардың суреттері көбірек қойылған. Сонымен бірге экспозициядан отбасы құндылықтарын бейнелейтін фотоларды көруге болады.

Көрменің ашылуында елорда әкімдігінің бас инспекторы, Әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия хатшысы Мөлдір Бөлебаева жиналғандарды Отбасы күнімен құттықтап, өмірге шуақ шашып жүретін аналарға, әйелдер қауымына амандық тіледі.

Сондай-ақ іс-шара барысында аналар кеңесінің ең белсенді мүшелері Қазақстан халқы ассамблеясының 25 жылдығына арналған медальмен марапатталды.



© Бетті дайындаған Азамат ЕСЕНЖОЛ



МӘДЕНИ ОРЫНДАР ЕСІГІ АШЫҚ

Қаланың мәдени нысандары жұмысын қайта жандандырды. Енді апта ішінде дүйсенбіден басқа күндері сағат 10.00-ден 18.00-ге дейін елорда тұрғындары мен қонақтары Сәкен Сейфуллин атындағы мұражайды, Тәуелсіздік сарайы мен Мәңгілік ел қақпасы галереясына бара алады.

Сонымен қатар 9.00 мен 21.00 аралығында «Астана-Бәйтерек» монументіне, 10.00-ден 19.00-ге дейін еліміздің көрнекі орындарының шағын көшірмелері орналастырылған «Атамекен» Қазақстан картасы» этномоменталдық кешеніне бас сұға аласыз.

Кітапханаларға келсек, олардың есігі жұмыс күндері таңертең 9.00-ден кешкі 18.00-ге дейін ашық тұрады. Сондай-ақ қала театрлары, филормониялары және астаналық циркте жеке мен топтық репетицияларды

жаңартуға рұқсат етілді. Бұл ретте қатысушылар саны 30 адамнан артпауы керек.

Бұған қоса ҚР Тұңғыш Президентінің кітапханасы музейі де ашылды. Оны аралау үшін алдын ала жазылу керек. «Астана Опера» театры да жаңа маусымын бастайды, бірақ онлайн форматта. Әртістер көрерменсіз бос залда өнер көрсетеді. 18 қыркүйекте шығармашылық ұжым «Опералық классика парақтары бойынша» атты гала операның керемет бағдарламасын тікелей

эфирде ұсынбақ.

Барлық мәдени ошақтарда маска тағу режимі сақталады. Сондай-ақ әлеуметтік арақашықтық пен басқа да санитарлық талаптарға бағыну міндетті.

Карантин кезінде кітапхана, театр, музей және басқа мәдени нысандардың әлеуметтік желілердегі парақшаларында концерттер, спектакльдер, жазушылармен кездесулер, би бойынша шебер-клартер, көрнекі орындарға экскурсиялар онлайн түрде көрсетілді.